

ТЕРГЕУ АМАЛДАРЫ ЖӨНІНДЕ БАЯНДАДЫ



Мемлекет басшысы Бас прокурор Берік Асылловты қабылдады. Президентке еліміздегі заңдылықтың сақталу жағдайы мен өткен кезеңдегі басым бағыттар бойынша жүргізілген қадағалау жұмыстарының нәтижесі туралы есеп берілді.

Берік Асыллов Абай облысындағы өрт дерегі бойынша қозғалған қылмыстық іске қатысты тергеу амалдары жөнінде баяндады. Бас прокурор орынбасарының басшылығымен құқық қорғау және арнаулы органдардың тәжірибелі қызметкерлерінен ведомстволық жедел-тергеу тобы құрылды. Тергеу қорытындысы бойынша, лауазымды тұлғалардың әрекеттері мен әрекетсіздігіне құқықтық баға берілді.

Мемлекет басшысына резонанс тудырған қылмыстық істерді тергеу және қоғам мүддесін қорғау жөніндегі жұмыстардың қорытындысы туралы да мәлімет берілді. Әлеуметтік-экономикалық салаларды тексеру нәтижесінде 11 мың адам түрлі деңгейде жауапқа тартылды. Тергеу амалдары жүргізілгеннен кейін бюджетке 10 миллиард тенге

қайтарылды. Сотта 15,2 миллиард тенге көлемінде мемлекет мүддесі қорғалды.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаевқа бизнесті қорғау және маңызды инвестициялық жобаларды қолдау жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысы туралы да баяндалды. Атап айтқанда, Бас прокуратураның бастамасымен 2 мыңға жуық кәсіпкерге заңсыз тексеру жүргізуді көздеген әртүрлі министрліктің 9 бұйрығының күші жойылды. Сондай-ақ 2,5 миллиард тенге өндіріп алу жөніндегі 21 мың салық бұйрығы заңсыз деп танылды.

Сонымен қатар Бас прокурор Президентке қылмыстық ахуал және қылмыстық-құқықтық саладағы азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтау үшін қабылданып жатқан шаралар туралы айтты.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Абай облысындағы өрттің мән-жайын объективті түрде тергеу маңызды екеніне тоқталып, еліміздің әлеуметтік және экономикалық салаларындағы заңдылықтың сақталуын камтамасыз ету жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

ПРЕЗИДЕНТ БЕКТҮРОВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ



Мемлекет басшысы «Астана» халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Ренат Бектұровты қабылдады.

Президентке «Астана» халықаралық қаржы орталығының былтыр және биыл 5 айда атқарған қызметінің нәтижесі жөнінде баяндалды.

Мемлекет басшысына орталықтың 2025 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру аясында шетелден инвестиция тартуға жәрдемдесу, қарқынды капитал нарығын дамыту және қаржы индустриясындағы инновацияларды ілгерілету секілді негізгі үш бағыт бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы мәлімет берілді.

Ренат Бектұровтың айтуынша, Қаржы орталығы құрылғалы бері Қазақстанға 8,3 миллиард доллардан астам инвестиция тартқан. Соңғы жылдары АХКО қатысушыларының саны қарқынды өсіп келеді. Әлемнің 75 елінен 2 мыңға жуық компания бизнес жүргізу үшін АХКО-ның юрисдикциясын таңдады.

Әлемдік ірі қаржы институттары, атап айтқанда қытай банкері, араб елдерінің қаржы құрылымдары және танымал технологиялық компаниялар АХКО базасында өкілдігін белсенді түрде ашып жатыр. Жалпы, орталық құрылған сәттен бастап АХКО экожүйесіне қатысушылар бюджетке 50 миллиард тенгеден астам, соның ішінде былтыр 26 миллиард тенге көлемінде салық төлеген. Қаржы орталығы құрамындағы дауларды шешу институттары (АХКО соты және Халықаралық төрелік орталығы) бүгінге дейін 2 мыңнан астам коммерциялық және қаржылық істі қараған.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев АХКО-ны халықаралық аренада еліміздің басты инвестициялық алаңдарының бірі ретінде ілгерілету қажет екенін атап өтті. Сондай-ақ Мемлекет басшысы АХКО құрамындағы биржаны, реттеушіні және басқа да институттарды әлемдік үздік стандарттар негізінде одан әрі дамыту маңызды екеніне назар аударды.

Сіз не дейсіз?

Әбдіжәлел БӘКІР, қоғам қайраткері:

АРУАҚТЫ ҚОЗҒАЙ БЕРУДІҢ ҚИСЫНЫ ЖОҚ

Әлеуметтік желіде «Мұстафа Шоқайдың Берлиндегі мазары бұзылғалы жатыр» деген ақпарат тараған еді. Оған Сыртқы істер министрлігі өкілі Айбек Смадияров: «Зират орнында, ешкім оған тиіскен жоқ. Елшіліктің қызметкері барып тағы да тексеріп қайтты, зираттың басшылығымен сөйлесті» деп жауап қайырған-ды. Дегенмен «зират бұзылады» деген ақпараттар кей-кейде қылаң беріп қалады. Мұстафа Шоқай мұрасын зерттеп жүрген мұстафатанушы, қоғам қайраткері Әбдіжәлел Бәкір бұған не дейді?

(Жалғасы 2-бетте)



СУ ҚОЙМАСЫНА СЕЛҚОС ҚАРАУҒА БОЛМАЙДЫ

Жарылыстан көз аспаған Украинадағы алып Каховская ГЭС су қоймасында бөгеннің жарылуы осы елге ұзақ жылдарға созылар ауыр зардап әкелді. Станса әлі күнге дұшпан қолында болғандықтан, апаттың себептерін дәл анықтау мүмкін болмаған. Осы орайда «Қазақстандағы су қоймалары мен бөгендердің жағдайы қандай?» деген сауал туады. Себебі республикамызда бейбіт күнде де бөген жарылған. Үкіметтің мойындауынша, бұл тұрғыда елде сол бойы тұрақты мониторинг жоқ.

Қазақстанда шамамен 500-дей бөген-плотина бар. Оның ішінде 200-ге жуығы ғана орташа немесе ірі саналады. Мемлекет барлық дерлік ірі және орташа бөгендерді бақылауда ұстайды. Бірақ мамандардың өзі ол бақы-

лаудың лайықты дәрежеде емесін ескертеді.

Қазақстан тарихында ірілі-ұсақты бөгендерде дүркін-дүркін түрлі оқиға болып тұрады. Олардың ішіндегі ең алапаты 2010 жылғы 11 наурызда болды:

12 наурызға қараған түні Алматы облысының Қызылағаш ауылынан жоғарғы тұста, Қызылағаш өзенін бұған Қызылағаш су қоймасының дамбасы жарылды. Арқыраған алып тасқын төмен құдилаған күйі шырты ұйқыдағы Қызылағаш ауылының тұрғындарын қызыл суға қарық етті. Егінсу, Ақтоған, Көлтабан ауылдары, Алажиде стансасы және басқаларын су басты. Ағынның арыны қатты болғаны сонша, ол Алматы-Өскемен тасжолының көпірін шайып кетті.

4»



«АМАНАТ» САЯСИ ПАРТИЯЛАР ДИАЛОГІНЕ ҚАТЫСТЫ

12 маусымда Бейжіңде саяси партиялардың «Қытай – Орталық Азия» диалогінің «Қытай мен Орталық Азия арасында неғұрлым тығыз қауымдастық құруға ықпал ету: саяси партиялардың жауапкершілігі» тақырыбында алғашқы отырысы өткен болатын.



Кездесуге Орталық Азиядағы бес мемлекеттен 26 саяси партияның көшбасшылары қатысты. Олардың арасында «АМАНАТ» партиясы да бар. Мәжіліс төрағасының орынбасары, «АМАНАТ» фракциясының мүшесі Альберт Рау бастаған отандық делегация

құрамында «АМАНАТ» партиясының Хатшысы Руслан Әлішев және Парламент Мәжілісіндегі Қазақстанның өзге де саяси партияларының өкілдері болды. Альберт Рау бұл кездесу Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытайға мемлекеттік

сапары және Сианьда өткен «Орталық Азия – Қытай» алғашқы саммиті аясында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асырудың жалғасы саналатынын атап өтті.


3»

ДЕРТКЕ ШИПА ДӘРІ ТАПШЫ




Онкологиялық дертке шалдыққан ақмолалықтардың жағдайы мүшкіл. Химиялық терапияға арналған дәрі-дәрмек үнемі жетіспейді. Қажетті препараттар айлап келмей қалып, науқастардың ауруы асқынып жатады.

КІШКЕНТАЙ ОҚЫРМАННЫҢ ҚАЛАУЫ – МАНГА



Бүгінгі жасөспірімдер арасында аниме секілді манганың да оқырмандары артып келеді. Соның көпшілігі – мектеп оқушылары. Манга – суреттер арқылы әртүрлі оқиғаға құрылған комикс. Балаларға өзге елдің мәдениетін сіңіру қаншалықты әсер етеді?





ИРАН ЕЛШІСІМЕН КЕЗДЕСТІ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Иран Ислам Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі Әли Акбар Джоукармен кездесті. Сұхбат барысында екі ел арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту және серіктестікті кеңейту мәселелері талқыланды.

Өз сөзінде Мәулен Әшімбаев Иран Қазақстанның ислам әлеміндегі жан-жақты ынтымақтастық орнатылған жақын серіктестерінің бірі екенін айтты. Сондай-ақ Палата Спикері Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылы Иранға жасаған сапары екіжақты қарым-қатынасқа айтарлықтай серпін бергенін тілге тиек етті.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы Қазақстан парламентаралық байланысты одан әрі дамытуға

мүдделі екенін айтты және елімізде Мемлекет басшысының бастамасымен іске асырылып жатқан кешенді реформаларға назар аударды.

Сондай-ақ ол Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезіне жеке тоқталып, Иранның дін көшбасшыларын биыл күзде өтетін съезд хатшылығының мерейтойлық отырысына қатысуға шақырды.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің депутаттары Қорғалжын қорығының аумағында болды. Еліміздегі экологиялық туризмнің жай-күйімен, проблемаларымен және даму келешегімен, сондай-ақ туризмнің осы түріне азаматтардың сұраныс деңгейімен танысу сапардың басты мақсаты болды.



Комитет төрағасы Нұртөре Жүсіп кездесу барысында экологиялық туризм мәдениеті еліміз экологиясын сақтаудың маңызды мәселесі болып табылатынын атап өтті.

«Қазіргі әлемде экологияны қорғау мәселелеріне ерекше назар аударылып отыр. Біздің еліміздің күн тәртібінде де бұл мәселе өткір тұрғаны анық. Бұл тұрғыда экологиялық туризм

проблемаларын шешу өзекті, оның мәдениетін қарқынды дамытуымыз керек», — деп атап өтті Нұртөре Жүсіп.

Шараға Экология және табиғи ресурстар, Мәдениет және спорт министрліктерінің өкілдері, жергілікті атқарушы және өкілді органдардың басшылары, өңірлік сарапшылар мен қорық қызметкерлері қатысты.

Парламент Мәжілісінің кешегі өткен жалпы отырысында Палата бюросы ұсынған мәселелер де, депутаттық сауалдар да әдеттегідей өзектілігімен ерекшеленді. Олар – орман шаруашылығы мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселесі, Ұлттық қордан балаларға төлем жасау жайы, заңсыз алынған активтерді мемлекетке қайтару және тағы да басқа заң жобалары. Депутаттық сауалдардың арқалаған жүгі де одан ауыр болмаса, жеңіл емес.

ҰЛТТЫҚ ҚОРДАН БАЛАЛАРҒА ТӨЛЕМ ҚАЛАЙ ЖАСАЛАДЫ?



Мәжіліс Спикері Ерлан Кошановтың төрағалығымен өткен жиынның күн тәртібіндегі 12 мәселенің ішінен депутаттардың ең көп шүйліккен заң жобасы – Ұлттық қордан балаларға төлем жасау жөнінде болды. Бірінші оқылымда талқыланып жатқандықтан болар, құжатты таныстырған Заннама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі Үнзила Шапаққа сұрақ қойғандардың қатары көп болды. Сонымен, Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру бойынша мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, 2024 жылдан бастап «Ұлттық қор – балаларға» жобасын іске қосудың негізгі тетіктері әзірленген екен. Жобаға сәйкес, Ұлттық қордың инвестициялық табысының жартысын жыл сайын екі максатта, яки тұрғын үй жағдайларын жақсарту немесе тұрғын үй сатып алуға және білім алуға пайдалану үшін көмелет жасына толмаған балаларға теңдей бөлу ұсынылады. Тұрғын үйге жұмсалатын қаражатты тек Қазақстан аумағында пайдалануға рұқсат етіледі. Ал білім алуға депутаттар баланың ел ішіндегі оқу орындарымен қатар шетелде оқу ақысын төлеуді шектемеу қажет деп пайымдайды. Сондай-ақ Қазақстан азаматтығынан айырылған, жоғалтқан не ауысқан кезде төлемдерге талап қою құқығы да жоғалады.

«Ұлттық қордың инвестициялық табысының 50% 18 жасқа дейін барлық жастағы балалар арасында теңдей бөлінеді. Инвестициялық табыстың жекелеген уақыт аралығындағы ықтимал теріс мәндерін болдырмау мақсатында оның 18 жылдағы орташа жылдық мәні негізінде, яки 2,6% мөлшерінде айқындала жоспарлануда. Осы заң жобасы шеңберінде Парламент Мәжілісі депутаттарының бастамашыл тобы мемлекеттік органдармен бірлесіп, 6 кодекс пен 10 заңға толықтырулар мен өзгертулер әзірленді. 18 жасқа толғаннан кейін шоттағы қаражат 10 жыл бойы сақталады. Көрсетілген кезеңде азамат тарапынан талап етілмеген жағдайда шоттағы қаражатты сол адамның зейнетақы шотына аудару ұсынылады. Жобаның негізгі тәсілдері «Балалардың құқықтары туралы» заңда және Бюджет кодексінде айқындалған», — деді Үнзила Шапақ.

Одан өзге, осы күні мәжілісмендер орман шаруашылығы мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, ҰҚШҰ Жарғысына өзгерістер енгізу туралы төртінші хаттаманы ратификациялау, заңсыз алынған активтерді мемлекетке қайтару, Кәсіптік біліктілік, Онлайн платформалар және онлайн жарнама, Салық кодексі туралы сияқты заң жобаларын талқылады. Барлық заң жобасы да дауыс берулер қорытындысында одан әрі жұмысқа қабылданды.

Ал депутаттық сауалдар: отандық автокөлік тасымалдаушылар нарығын қорғау, ҚазҰАЗУ активтерін оқу орнына қайтару, Абай облысындағы орман өрті, алғашқы медициналық-санитарлық көмек мекемелерінің проблемасы, «Атырау–Астрахан», «Қалбатау–Майқапшағай» автотрассалары, Павлодар облысы Ақсу қаласының жылу мәселелері, азаматтардың конституциялық құқық қорғаудағы Бас прокуратураның қарымы, колледждердің білім сапасы, Ұлттық банктің жылдық пайыз мөлшерлемесі, ұялы байланыс нарығын монополизациялау және сапасының нашарлығы, су ресурстары, «орташа кіріс тұзағы», Қостанай мектеп кітапханашыларының ұжымдық үндеуі және тағы да басқа проблемаларға арналды. Сауалдардың көпшілігі Үкіметке, соның ішінде Премьер-Министрге, Премьер-Министрдің бірінші орынбасарына, Энергетика министрлігіне,

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне және Бас прокурорға жолданды.

«2001-2022 жылдар аралығында Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің 1 000 төсек-орындық 3 жатақханасы, жалпы ауданы 18828,5 шаршы метр болатын 5 оқу-зертханалық корпусы, 700 шаршы метр көлемдегі өкімшілік-шаруашылық ғимараттары мен өзге де жылжымайтын мүлік объектілері, шамамен 5 гектар болатын университет ғимараттарына іргелес жер учаскелері, Алматы облысының Талғар және Енбекшіказак аудандарында орналасқан университеттің оқу-тәжірибелік шаруашылығындағы 12 гектар жер учаскелері қолды болып кеткен. Осы ғимараттарды иеленген заңды тұлғалар оқу корпустарының аумағында тұрғын үй кешендерін салып, студенттердің, оқытушылардың мазасын алып, жатақханаларды қонақүй етіп қайта жабықтаған, қараоқ, басқа да ойын-сауық орындарын жасап, жын-ойнаққа айналдырған. Кейбір оқу корпус-тары бизнес орталықтарға айналған. Университет ұжымы активтерді сату немесе оларды сенімгерлік басқаруға беру туралы барлық шешім ректор Т.Есоловтың тұсында қабылданғанын жеткізіп отыр», — деді «AMANAT» партиясының фракция мүшесі Ерлан Саиров. Депутат Бас прокуратурадан заңсыз қолды болған активтерді қайтару комиссиясы аясында аталған ғимараттардың мемлекет меншігіне қайтарылуын жедел қамтамасыз етуді, 2001-2022 жылдары осындай заңды белшесінен басып, барып тұрған бастыққа барған шенеуіктердің заң алдында жауапкершілігін анықтауды, еліміздегі басқа да жоғары оқу орындарының меншікті заңсыз беру мәселесіне аудит жүргізуді сұрап отыр.

Қара жамылған Семей жұртының қайғысын дер уақытында көтерген депутат, «AMANAT» партиясының белді мүшесі Нұртай Сабильянов болды.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев осы кезде Абай облысында халықтың ортасында болып, қаза тапқандардың туыстарымен кездесті және оларға жан-жақты көмек көрсетуді тапсырды. Бұл кездесудің өте ауыр жағдайда өткенін барлығымыз көрдік. Президент Үкімет, уәкілетті министрліктер мен өңір әкімдігінің алдына міндеттер қойды, тиісті шешімдерді қабылдап, жағдайды толық бақылауға алды. Бас прокуратура қозғаған қылмыстық іс аясында жауапты лауазымды тұлғалардың іс-әрекетіне құқықтық баға беріліп, кінәлілердің барлығы заң бойынша жауапқа тартылатыны айтылды. Өз кезегінде Парламент Мәжілісінің депутаттары Абай облысына барып, өрт сөндірушілермен және тұрғындармен кездесті, еріктілердің жұмыстарын ұйымдастыруға атсалысты.

Шынын айту керек, жергілікті жерде болған жағдай азаматтық қорғау органдары, тиісті мемлекеттік органдар табиғи апаттарға дайын болмағанын тағы да көрсетті. Депутаттар Үкіметтің назарын орман шаруашылығындағы өртке қарсы және құтқару қызметіндегі жүйелі проблемаларға аударып, бірнеше депутаттық сауал жолдаған болатын. Бірақ іс жүзінде мәселелер толық шешілмеген. Мұндай салғырттықтың орын толмас ауыр қайғыға алып келетінін өмір көрсетіп отыр. Мемлекет басшысы төтенше жағдайлар жөніндегі жедел штабтың отырысында былтыр Қостанай облысында болған өрттен қорытынды шығарылғанын, берілген тапсырмалар сапасыз орындалғанын катан сынға алды», — деді аманаттық депутат.

Сіз не дейсіз?

Әбдіжәлел БӘКІР,
қоғам қайраткері:

АРУАҚТЫ ҚОЗҒАЙ БЕРУДІҢ ҚИСЫНЫ ЖОҚ

(Басы 1-бетте)

— «Берлиндегі Мұстафа Шоқай зиратын Германия үкіметі бұзады екен» деген ақпарат тарғанды. Кейін бұл жалған болып шықты. Жалпы, Мұстафа Шоқай зиратының сақталуы үшін Үкімет арнайы жағдай жасауы қажет пе?

— «Мұстафа зиратын көшіреді екен» деген сөздер әлі де айтылып қалып жатады. Алайда олар негізсіз. Қазір бұл жеке адамдардың, ағайын-туыстардың мәселесі емес. Сондай-ақ Кеңес Үкіметі адам басына 1 000 сом тігіп, Мұстафа Шоқайдың Ферғана тауларын аралап жүрген 1918 жыл емес. Бұл — мемлекеттік мәселе. Мұстафа Шоқай әлемге Еуропада ерте танылды. Оны Франция мен Германия бізден әлдеқайда бұрын білді. Мұстафатану ғылымы ең алғаш Түркияда қалыптасты.

Қазір Мұстафа Шоқай зираты Түркия мемлекетіне қарайтын қорымда жатыр. Бұл жерді кезінде Германия басшысы Осман империясына сыйға тартқан. Онда зәулім мешіт, шағын сауда мекемелері бар. Сондықтан ретсіз аруақты қозғай берудің қисыны жоқ.

— Кезінде Смағұл Сәдуақасұлының мәйітінің күлін елге әкеліп жерледік. Кейіні батырдың басы елге қайтты. Мұстафа Шоқайдың да сүйегін елге әкелу туралы мәселе көтерілді ме? Жалпы, әкелуге мүмкіндік бар ма?

— Ал Мұстафа Шоқайдың сүйегін елге әкелу туралы мәселе үш-төрт жыл республика деңгейінде көтерілді. Көпшілік қолдамады. Соңғы рет бұл ұсыныс 2021 жылы Шымкентте Алаш арыстарына қатысты республикалық конференцияда әңгіме



болды. Онда мен: «Аруақты қозғаймайық, Мұстафа атамыз қазір Еуропа мен Азияны, Батыс пен Шығысты байланыстырып жатыр» дедім де, одан да Мұстафа атамыз бен Мария анамыздың жатқан жерлерінен топырақ алып, оларға Түркістанда ескерткіш орнату туралы ұсыныс жасадым. Оны қолымнан келгенше дәлелдедім. Атамыздан кейін 28 жыл өмір сүрген Мария Шоқай жарына қатысты бар тірлікті жалғыз өзі атқарды. Ол өмір бойы «Менің Мұстафам» деп келіп, сол күйі о дүниеге аттанған адам. Конференциядағылар бұл ұсынысты қолдаған еді. Бірақ бұл Астанаға жетті де жоқ болды.

Дайындаған
Гүлзина БЕКТАС

«АМАНАТ» САЯСИ ПАРТИЯЛАР ДИАЛОГИНЕ ҚАТЫСТЫ



12 маусымда Бейжіңде саяси партиялардың «Қытай – Орталық Азия» диалогінің «Қытай мен Орталық Азия арасында неғұрлым тығыз қауымдастық құруға ықпал ету: саяси партиялардың жауапкершілігі» тақырыбында алғашқы отырысы өткен болатын.

Кездесу Орталық Азиядағы бес мемлекеттен 26 саяси партияның көшбасшылары қатысты. Олардың арасында «АМАНАТ» партиясы да бар. Мәжіліс төрағасының орынбасары, «АМАНАТ» фракциясының мүшесі Альберт Рау бастаған отандық делегация құрамында «АМАНАТ» партиясының Хатшысы Руслан Әлішев және Парламент Мәжілісіндегі Қазақстанның өзге де саяси партияларының өкілдері болды. Альберт Рау бұл кездесу Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытайға мемлекеттік сапары және Сианьда өткен «Орталық Азия – Қытай» алғашқы саммиті аясында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асырудың жаңасы саналатынын атап өтті.

«Қауіпсіздік пен даму – ұлттық, өңірлік және жаһандық деңгейде бір-бірімен тығыз байланысты екеніне толық сенімдіміз. Бірде-бір мемлекет жаһандық сын-кәтерді жеке-дара еңсере алмайды. Сондықтан саяси партиялар ішкі саясатты жүргізумен қоса, өңірлік және жаһандық қауіпсіздік пен ынтымақтастықты орнату міндеті жүктеліп отыр. Партияаралық байланыстар мемлекеттер арасындағы саяси сенім мен диалогты нығайтуда маңызды рөл атқарады.

Мемлекеттерімізді дамытуға бағытталған барлық жасампаз жоспарымыз бейбітшілік пен тұрақтылық жағдайында ғана мүмкін болмақ. Өкінішке қарай, 1991 жылдан кейін қалыптасқан бірполярлы әлем бұған кепілдік бермеді. Бұған қоса, қытайыстар саны да артып барады. Осыған байланысты, Қазақстан экономиканың тұрақты өсімін қамтамасыз етуге және жалпыға ортақ қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған Қытай бастамаларын одан әрі ілгерілетуге дайын», – деді ол.

Сонымен қатар Альберт Рау қытайлық өріптестерін Қазақстанның қазіргі партиялық-саяси күн тәртібі және елдегі ауқымды саяси өзгерістер туралы хабардар етті. Ол «АМАНАТ» – Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қоғамдық тірегі екенін атап өтіп, партиялардың экономика саласындағы өзара ынтымақтастығының негізгі бағыттарын атап өтті.

«АМАНАТ» партиясының басым бағыты – минералдық шикізатты терең өңдеуге бағдарлана отырып, тың технологияны пайдалану арқылы экономиканы әртарапандыру. Мәселен, Қазақстан уран өндіру бойынша әлемде бірінші орында тұр. Алайда бізде оны өндіру мен жартылай фабрикалар өндірісі ғана жолға қойылды. Бүгінде қытайлық компаниямен бірлесіп отырып, Шығыс Қазақстанда ҚХР-дың атом электр стансасына жеткізілетін отын әзірлеу өндірісі қолға алына бастады», – деді ол.

Өз кезегінде, Қытай Коммунистік партиясы Орталық Комитетіндегі халықаралық байланыстар бөлімінің басшысы Лю

Цзяньчао ҚКП Орталық Азия елдеріне саяси сенімді тереңдету, стратегиялық байланысты нығайту және дамуды жандандыру үшін маңызды платформа ұсынатынын атап өтті.

«Біз Орталық Азия елдерінің саяси партияларымен өзара қолдау көрсетуге, бірлескен дамуға, бейбітшілік пен келісімді, барлық деңгейдегі байланыстарды нығайтуға, бір-біріміздің негізгі мүдделерімізді берік қолдауға және даму жолына қатысты тәуелсіз тандау жасауға, экономика және сауда, энергетика, инновация және гуманитарлық ғылымдар сияқты түрлі саладағы ынтымақтастықты ілгерілетуге, ынтымақтастығымызды күшейтуге және «Бір белдеу, бір жолдың» бірлескен құрылысында жетекші рөл атқаруды жалғастыруға дайынбыз», – деді ол.

Осы күні Орталық Азия саяси партияларының өкілдері Қытай Коммунистік партиясы Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, ҚКП ОК насихат бөлімінің меңгерушісі Ли Шуэймен кездесті. Оның айтуынша, ҚКП ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин мен өзге де көшбасшылар қол жеткізген маңызды консенсусты жүзеге асыру үшін Орталық Азия елдерінің партияларымен жұмыс істеуге, Қытай мен Орталық Азия арасында барынша тығыз қарым-қатынас орнатуға, сондай-ақ Қытай – Орталық Азия біртұтас қауымдастығын құруға ықпал етуге дайын.

Сонымен қатар тараптар мемлекеттік басқару, партиялық оқытуды дамыту және партия кадрларын даярлау саласындағы ынтымақтастықтың келешегін талқылады.

ДОНОР БОЛУ – ИГІ ІС

Кеше «Жастар Рухы» жастар қанатының және «АМАНАТ» партиясының 5 мыңнан астам мүшесі мен жақтастары донор болу үшін қан орталықтарына барды. Акция еліміздің барлық өңірінде өтіп жатыр.

Игі іс-шара Дүниежүзілік қан доноры күніне орай және Қазақстанда донорлық қозғалыстың дамуын қолдау мақсатында ұйымдастырылып отыр. «АМАНАТ» партиясының Хатшысы Дәулет Кәрібек мұндай акция қоғамдық денсаулық сақтау жүйесін нығайтуға атсалысып қана қоймай, азаматтарға салмақты өмір салтын ұстанудың маңызын еске салатынын, халықтың денсаулық мәселесіне қатысты сауатын арттыратынын атап өтті.

«Бүгін ел аумағында 5 мыңнан астам адам ерікті түрде қан тапсыруды көздейтін акциямызға қосылды. Донор болу – адам өмірін құтқарып қалатын игі іс. Бұған қоса, бұл донордың денсаулығына да пайдалы. Сапалы медициналық көмек пен дәрі-дәрмекке еліміздің әрбір азаматы қол жеткізе алуы тиіс. Бұл жөнінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың және партияның сайлауалды бағдарламасында жан-жақты айтылды. Біз барша қазақстандықты үнемі қан тапсырып отыруға шақырамыз», – деді ол.



Ел аумағында жыл сайын 230 мыңға жуық адам қан тапсырады екен. Бұл – күн сайын еліміздегі қан орталықтарына 1 мыңға жуық адам келеді деген сөз. Мамандар мұндай белсенділік донор қанына деген қажеттілікті толық қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінін айтады.

«Қазақстандықтар жыл сайын жеткілікті мөлшерде қан тапсырады. Бүгінде адамдар шақырылған кезде ғана емес, өз қалауы бойынша да донор боп жатады. Бұл – қоғамдағы түсіністік пен ниеттестіктің көрінісі. Донорлар ең алдымен тілектестік және өзара көмек қандаттарын бөрінен биік қояды. Олар осындай

игі амал арқылы өздерінің азаматтық борышын өтейді десе де болады. Донор тапсырған қан онкологиялық, гематологиялық ауруларға шалдыққан науқастардың, босанған әйелдердің, апатқа ұшыраған адамдардың және өзге де отандастарымыздың өмірін сақтап қалу үшін қажет», – дейді «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК басқарма төрағасы Сәния Әбдірахманова.

Айта кетейік, Дүниежүзілік қан доноры күні 2005 жылдан бері атап өтіліп келеді. Қазақстанда жыл сайын 400 мыңнан астам қан құю процедурасы жасалады.

БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ МҮМКІН БЕ?

«АМАНАТ» партиясы жанындағы Республикалық жастарды қолдау кеңесінің екінші отырысы өтті. Жиында жасөспірімдер мен жастар арасындағы буллингті таралуы, жастардың психикалық денсаулығы мен суицидтің алдын алу мәселелері талқыланды.

Іс-шараға Мәжіліс депутаты, сарапшылар, құзырлы органдардың және үкіметтік емес

есепке алу тәртібін реттеуді көздейтін әдістемелік ұсынымды бекітті.

«Бұл ұсынымдар ерекше назар аударуды және уақыттық әлеуметтік, психологиялық педагогикалық көмек көрсетуді қажет ететін оқушыларды ерте анықтауды көздейді. Балалар арасындағы әлімжеттіктің алдын алу және ондай оқиғаларды дер кезінде анықтап отыру мақсатында жыл сайын 11 мыңнан астам педагог оқытылады. Сон-

Сәмет балалар арасындағы суицидті тергеу жұмысы күшейтілгенін және прокурорлар екі жылда уәкілетті, жергілікті атқарушы органдарға 163 қадағалау актісін енгізгенін, нәтижесінде 508 лауазымды тұлға жауапқа тартылғанын атап өтті.

«Былтыр балалар арасындағы суицид біршама төмендегенін, өкінішке қарай биыл 5 айда бұл жағымсыз үрдіс 33,3 пайызға, яғни 54-тен 72-ге дейін артып отыр. Талдау нәтижесі 13-17 жас

АБАЙЛЫҚТАРҒА КӨМЕК КӨРСЕТІЛІП ЖАТЫР



«АМАНАТ» партиясы өрттен зардап шеккен Абай облысының тұрғындарына көмек көрсетуді жалғастыруда.

Ел аумағында гуманитарлық көмек жинау жұмыстары жүріп жатыр. Бүгінде партияның Семей қаласындағы өңірлік филиалы жанындағы гуманитарлық көмек қабылдау пунктіне жалпы сомасы 72 млн теңгеден асатын, жалпы салмағы 85,5 тонна болатын бірінші кезекте қажетті заттар мен азық-түлік жеткізілді. Оқиға орнында Астана қаласынан, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Қарағанды және Павлодар облыстарынан келген «Жастар Рухы» жастар қанатының 500-ден астам волонтері жұмыс істеуде. Мәселен, «АМАНАТ» партиясының Астана қалалық филиалы 15 тоннадан астам азық-түлік, дәрі-дәрмек және басқа да қажетті заттарды жинады.

«Абай облысындағы апат – бәріміз үшін аса қайғылы жағдай. Аманаттықтар Арыс, Мактаарал және Әулікөлдегі оқиғалар кезінде зардап шеккен отандас-

тарымызға да көмектескен еді. Бұл жолы да шет қала алмаймыз. Партияластарымыз, өнеркәсіптік кәсіпорындар, сондай-ақ бастауыш партия ұйымдары үлкен үлес қосты. Жүк бүгін жеткізіледі», – деді партияның қалалық филиалы төрағасының орынбасары Сақтаған Сәдуақасов.

Өз кезегінде, Павлодар облысындағы партиялықтар 40 тоннадан астам гуманитарлық көмек жөнелтті.

«Жастар Рухы» жастар қанатының Павлодар өңіріндегі волонтерлері зардап шеккендерге көмек көрсету және қалпына келтіру жұмысына атсалысу үшін Абай облысына келіп үлгерді.

«Жастар Рухының» белсенділері Абай облысында өрттен зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсету үшін волонтерлер тобын құрды. Жағдай тұрақтанғанға дейін халықты эвакуациялау, елді мекендерге гуманитарлық көмек жеткізу ісіне атсалысуға дайынбыз. Өзгенің қайғысы, бөтеннің қасіреті деген ұғым жоқ. Мұндай жағдайда ешкім сырттай бақылап отыра алмайды. Осындай сәтте бірлік пен ынтымақ таныту қажет», –

деді Павлодар облысының «Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Еламан Асылбеков.

Өз кезегінде, Қостанай облысындағы аманаттықтар 20 тоннадан астам гуманитарлық көмек жөнелтті. Бұл – жеке бас гигиена заттары, бір рет қолданылатын ыдыс-аяқтар, азық-түлік пен дәрі-дәрмектер.

«Қайғылы оқиғаның қаншалықты күрделі екенін өте жақсы түсінеміз. Апаттың алғашқы минуттарынан-ақ «АМАНАТ» партиясының мүшелері, біздің ірі кәсіпорындарымыздың басшылары, қалаларымыз бен аудандарымыздың тұрғындары абайлықтардың ауыр жағдайына бей-жай қарай алмай, көмек қолын созуға ниет білдірді», – деді «АМАНАТ» партиясы Қостанай облыстық филиалының төрағасы Бибігүл Аққожиға.

Айта кетейік, Шығыс Қазақстан облысындағы партиялықтар да шет қалмай, екі күн ішінде 15 тоннадан астам гуманитарлық көмек жөнелтті. Белсенділер мен партия мүшелері респираторлар мен қорғаныс құралдарын, бір рет қолданылатын ыдыс-аяқтар, су, күйікке қарсы майлар, бинт және т.б. заттарды жеткізуде. Заттардың басым көпшілігі облыстағы кәсіпорындар қызметкерлерінің біркүндік жалақысынан жиналған қаражатқа сатып алынды.

Еске сала кетейік, Шығыс Қазақстан облысының мәслихатындағы «АМАНАТ» депутаттық фракциясының жетекшісі Тұрарбек Әзекеновтің бастамасымен «Семей орманы» орман шаруашылығының қаза тапқан қызметкерлерінің отбасыларына материалдық көмек ретінде «Қазырыш» АҚ 1 млн теңгеден бөледі.



ұйымдардың өкілдері қатысты. Сөз басында Мәжіліс депутаты, Кеңес төрағасы Нартай Аралбайұлы аталған мәселені жан-жақты талқылап, ашық әңгіме құру, тығыздықтан шығатын жол табу қоғамның басты талабы екенін айтты.

«Мемлекет басшысы өскелең ұрпақтың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, балалар арасындағы суицид пен буллингтің алдын алу жөніндегі мемлекеттік бақылауды күшейту қажет екенін айтқан еді. ЮНИСЕФ мәліметі бойынша, еліміздегі балалардың 66 пайызы мектепте зорлық-зомбылық пен кемсітушілікке тап болады. Тісінше, мамандардың айтуынша, қорлау мен бопсалау элементтері балалардың бойында суицидтік мінез-құлық қалыптастырады. Өкінішке қарай, ДДСҰ-ның дерегіне сәйкес, еліміз жасөспірімдер арасындағы суицид саны бойынша әлемде 10-орында тұр», – деді Кеңес төрағасы.

Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау Комитетінің төрағасы Насымжан Оспанова да буллинг – жасөспірімдер арасындағы өте өткір мәселе екенін атап өтті. Оған жол бермеу мақсатында ведомство биыл наурызда мектепшілік

дай-ақ министрлік балаларды зорлық-зомбылықтан, өз-өзіне қол жұмсаудан қорғау және олардың құқықтары мен әлауқатын қамтамасыз ету мақсатында 2023-2025 жылдарға арналған «Бала қорғау» кешенді жоспарының жобасын әзірлеп, қоғамдық талқылауға ұсынды», – деді комитет төрағасы.

Ал Денсаулық сақтау вице-министрі Вячеслав Дудник болса, былтыр елімізде 1456 денсаулық сақтау маманы суицидтің алдын алу бойынша оқудан өткенін айтты.

«Қазақстанда психиатр тапшылығы 40 пайыздан 15 пайызға дейін төмендеді. 2022 жылы еліміздегі білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарының психологтары 411 жасөспірімге қол ұшын созды. Жалпы, ел аумағында тұрғындарға 20 психикалық денсаулық орталығында, қалалық емханалар деңгейінде 76 бастапқы психикалық денсаулық орталығында, ауылдық деңгейде 203 психикалық денсаулық кабинеттерінде мамандандырылған медициналық көмек көрсетіледі», – деді вице-министр.

Бас прокуратураның қоғамдық мүдделерді қорғау қызметі бастығының орынбасары Сәкен

аралығындағы балалар өз-өзіне қол жұмсауға мейлінше бейім екенін көрсетті. Балалар өз-өзіне көбіне-көп үйде қол жұмсайды», – деді ол.

Сөз соңында Кеңес төрағасы Нартай Аралбайұлы елімізде жастар мен жасөспірімдер арасындағы әлімжеттіктің, суицидтің алдын алу шаралары жүйелі түрде жүргізіліп жатқанымен, отандастарымыз он нәтижені сезінбей отырғанын жеткізді.

«Жасөспірімдер мен жастар арасында өктемдік, әлімжеттік бар екенін білсек те, нақты қанша бала оның құрбаны болып жатқанын бейхабармыз. Мәлімет жоқ болған соң, құзырлы органдардың жұмысын да тиісті деңгейде бағалай алмай отырмыз. Бала – әрқайсымыздың, тіпті тұтас мемлекетіміздің болашағы. Сондықтан оларды толғандырмау мәселеге атүсті қарауға болмайды. Бүгін осы олқылықтың орнын толтыруға қатысты бірқатар нақты ұсыныс айтылды. Оның барлығы тиісті мемлекеттік мекемелерге жолданды. Тіпті, қажет болған жағдайда заңға өзгерістер енгізуге атсалысамыз», – деді Кеңес төрағасы.

Айта кетейік, аталған басқосу әлеуметтік желі қолданушыларына тікелей эфирде ұсынылды.

СУ ҚОЙМАСЫНА СЕЛҚОС ҚАРАУҒА БОЛМАЙДЫ

Жарылыстан көз аспаған Украинадағы алып Каховская ГЭС су қоймасында бөгеннің жарылуы осы елге ұзақ жылдарға созылар ауыр зардап әкелді. Станса әлі күнге дұшпан қолында болғандықтан, апаттың себептерін дәл анықтау мүмкін болмаған. Осы орайда «Қазақстандағы су қоймалары мен бөгендердің жағдайы қандай?» деген сауал туады. Себебі республикамызда бейбіт күнде де бөген жарылған. Үкіметтің мойындауынша, бұл тұрғыда елде сол бойы тұрақты мониторинг жоқ.

Айхан ШӘРІП

Қазақстанда шамамен 500-дей бөген-плотина бар. Оның ішінде 200-ге жуығы ғана орташа немесе ірі саналады. Мемлекет барлық дерлік ірі және орташа бөгендерді бақылауда ұстайды. Бірақ мамандардың өзі ол бақылаудың лайықты дәрежеде емесін ескертеді.

Қазақстан тарихында ірілі-ұсақты бөгендерде дүркін-дүркін түрлі оқиға болып тұрады. Олардың ішіндегі ең алапаты 2010 жылғы 11 наурызда болды: 12 наурызда қараған түні Алматы облысының Қызылағаш ауылының жоғарғы тұста, Қызылағаш өзенін бұған Қызылағаш су қоймасының дамбасы жарылды. Арқыраған алып тасқын төмен құлдилаған күйі шырты ұйқыдағы Қызылағаш ауылының тұрғындарын қызыл суға қарқ етті. Егінсу, Ақтоған, Қолтабан ауылдары, Алажиде стансасы және басқаларын су басты. Ағынның арнын қатты болғаны сонша, ол Алматы—Өскемен тасжолының көпірін шайып кетті.

Апат салдарынан 45 адам қаза тапты. Оның арасында 10 ұл және 5 қыз бала бар. Тағы 300 тұрғын жараланды. Тасқын 146 үйді толығымен бұзып әкетті. 251 үй қирап, 42-сі бүлінген.

Кейін белгілі болғандай, ел Үкіметі Қызылағаш су қоймасында да, плотинада да 2004 жылы жекешелендіріпті. Оны алдымен «Шынар» ЖШС, 2007 жылдан бастап, «Қызылағаш» тұтынушылық кооперативі пайдаланған. Сарапшылардың пікірінше, су қоймасын басқарушы компания әдеттегідей, қуаныштылық жаз қарсаңында көбірек су жинап алуға ниеттенген. Бірақ су құрылысының жай-күйіне жете көңіл бөлмеген. Билік қаза тапқандардың отбасыларына 500 мың теңгеден төледі. Қираған үйлердің біразы қалпына келтірілді. 2010 жылғы 11 наурыз Ұлттық аза тұту күні болып жарияланды. Қызылағаш қырғынынан Үкімет үлкен сабақ алды деу қиын. Қызылағаш және Ақ ешкі бөгендері мемлекет меншігіне қайтарылған. Өзге бөгендерде тексеру жүргізілген. Сонымен тынды. Билік барлық бөгенді мемлекеттік меншікке қайтаруды ұсынған депутаттардың сөзін де құлаққа алмеді.

Мамандар енді қайтадан дабыл қағып отыр: еліміздегі бөгендердің ахуалы сын



көтермейді. Күрделі жөндеуді талап етеді. Үкімет тиісті көлемде қаражат бөлмейді.

БӨГЕНДЕР ҚАУІП ЖОҒАРЫ НЫСАНҒА АЙНАЛДЫ

Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитеті елдегі гидротехникалық құрылыстардың тозығы жеткенін жасырмады. Оның мәліметінше, қазір Қазақстанның су шаруашылығы кешеніне 473 бөген, жобалық көлемі 87,8 текше шақырымды құрайтын 331 су қоймасы, 125 су торабы, 3 392 канал және басқа да 1667 құрылысжайлар кіреді.

Су қоймаларының басым бөлігі немесе 46 пайызы — шағын: көлемі 1 миллионнан 10 млн текше метр ғана су сыйдыра алады. Тағы 42 пайызы орташа: 10 миллионнан 100 млн текше метрге дейін су сақтай алады. Сонда 12 пайызы ғана ірі саналады: 100 миллион текше метрден көп су жинауға арналған. Демек, олардың бүгінгіне баса назар аударған маңызды. Бұл тұрғыда үлкен қауіп бар көрінеді. Комитет бейғам елдің төбе шашын тік тұрғызуы тиіс деректерді келтірді.

«Олардың көпшілігі 30-50 жылдан астам уақыттан бері еш күрделі жөндеусіз және реконструкциясыз жұмыс істеп келеді. Сондықтан жоғары қауіпті нысандар болып есептеледі. Бұл ретте су шаруашылығы объектілерінің 60 пайыздан астамы нақты тозған. Ең қиын жағдай шалғайда орналасқан, сондай-ақ коммуналдық және жеке меншіктегі жекелеген құрылыстарда қалыптасуда», — деп түсіндірді Су ресурстары комитетінің мамандары.

Олар салада қалыптасқан бірнеше олқылықты атады. Біріншіден, бөгендерді, су шаруашылығы инфрақұрылымын реконструкциялауға және дамытуға бағытталған ілкімді жобалар жетерлік, алайда оларды іске асырудың тиімділігі нашар болып тұр. Екіншіден, жоғары сыбайлас жемқорлық тәуекелдері байқалауда. Үшіншіден, салада шешімдер қабылдаудың күрделі бюрократиялық тетігі қалыптасқан.

Ведомство мамандарының айтуынша, бұл сала инвесторлар үшін тартымды емес. Бүгінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында бірде-бір жоба іске асырылмаған. Жана жобаларды іске асырудың бүкіл шығынын жалғыз мемлекет арқалайды. Негізінен, республикалық бюджет қаражаты есебінен іске асырылады.

Жергілікті бюджеттердің бөгендер мен су қоймаларын жөндеуге қаражаты жоқ. Отыз жылдан астам уақытта Қазақстанда дотациялық өңірлер саны күрт өсіп, 17-ге жетті. Тек үш өңір: Астана, Алматы қалалары мен Атырау облысы ғана бюджетті толықтыратын донор болып қалды, қалғанының бәрі республикалық бюджетке қол жады.

«Төтенше жағдайлар қызметтері, «Казсушар» РМК және «Казидрометтің» болжамды-талдамалық жұмысы нашар ұйымдастырылған. Негізінен, әрекет ету шаралары болары болғаннан кейін қаржыланды. Бұл ретте бөгендерде және басқа әлсіз учаскелерде кептелістердің пайда болу мүмкіндігіне, ауа райы жағдайларының өзгеруіне, судың ағымдағы температурасына, мұз бен жауын-шашынның еру қарқындылығының болжамына, мұз қату құрылымының мониторингін тиісті көңіл бөлінбейді», — делі комитет.

Өз кезегінде, бөгендерге жауапты «Казсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорны стратегиялық су шаруашылығы құрылыстарын ғана эксплуатациялайды. Комитет мамандарының түсіндіруінше, себебі Үкімет ұстанатын қолданыстағы арзан тарифтік саясат «Казсушарға» су шаруашылығы инфрақұрылымын дамытуда және инвестициялар тартуда, соның ішінде МЖӘ тетігі бойынша инвесторлар табуға өзінің барлық әлеуетін іске асыруына мүмкіндік бермейді. Кәсіпорн күрөп кіріс табатын жерге қызығады. Ал Қазақстанда су тарифі негізінен төмен. Олдан қолдасты пайда таппасын білген бизнес бұл салаға жоламайды. Үкімет болса, толық көлемде қаржыландырмайды. Содан сала ауыр тығырыққа тірелген күйде. Бұл

кернеу күндердің күнінде плотиналардың бірінің жарылуына соқтырмасына еш кепілдік жоқ.

Шешім қандай? Бастысы — біреу: барлық басымдықты жобалар, күрделі жөндеу, реконструкция жұмыстары толыққанды қаржыландырылуы тиіс. Әйтпесе, ел басылығының есін шығарған орман, дала өрттеріне қызыл су қосылуы ғажап емес.

Мамандар су шаруашылығының тағы бір ірі проблемасын атады. Ол қаржыға емес, бюрократияға қатысты: су заңнамасында, нақтыласақ, көпфакторлы тексерулер жүргізуді ұйымдастыру, гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздік өлшемдерін анықтау және мониторингтеу бөлігінде қайшылық-коллизиялар бар.

Соның кесірінен, гидротехникалық құрылысжайлардың, оның ішінде көпфакторлы құрылысжайлардың жай-күйін тексеру нашар жүргізіледі. Бұл жағдай елдің су шаруашылығы инфрақұрылымының жай-күйі туралы толымды статистикалық ақпаратты дұрыс қалыптастыруға да мүмкіндік бермейді. Дәл қазір дәл қандай бөген мен су қоймасына жарылу қаупі төніп тұр? Оған жол бермеу үшін бірінші кезекте қайсысын жөндеу керек? Жүйесіздік салдарынан бұл сұрақтарға жауап табу күрделі.

Мұның сыртында, Қазақстанда су шаруашылығы инфрақұрылымының есебі толық көлемде жүргізілмейді. Мәселен, Экология министрлігінің Су ресурстары комитеті «республикада 1,54 мың гидротехникалық құрылысжай бар» деген ақпарат берді. Ал жергілікті атқарушы органдардың, әкімдіктердің деректері бойынша елде гидротехникалық құрылысжайлар саны шын мәнінде 6 мыңнан асып кетті.

КЕЙБІР СУ ҚОЙМАЛАРЫ ҚҰРҒАП БАРАДЫ

Қазақстан су шаруашылығында басқа проблемаға тап болды: су қоймалары қарқынды түрде құрғай бастады. Бұл да

бөгендердің деформациялануына ықпал етуі ықтимал. Мысалы, сарапшылар Шығыс Қазақстан облысындағы Бұқтырма су қоймасы таязданып бара жатқанына назар аудартып, дабыл қағуда. Онда Қазақстандағы ең алып бөген орнатылған.

Су жағалаудан 30-50 метр алшақтап кетті. Салдарынан кеңес кезінен халық арасында танымал болған жағажайлар жалаңаштанып қалды. Одан әрі батпақ жайлаған. Теплохоттар қайраңға отыру қаупі болғандықтан, енді жағадғы ескі айлаларына аялдай алмайды. Қайықтар, қатерлер мен баржалар құмға батып, қантарылып тұр.

Мұның бәрі туризм мен жазғы демалысқа кесірін тигізіпті. Көңілсіз көрініс сол манда тынығуды дәстүрге айналдырған қазақстандықтар мен шетелдіктерді шошытты. Демалыс базасының меңгерушісі Александра Бочкова бұрын су мөлдiр, таза болғанын, бүгінде ол қатты таязданып, лайланып жатқанын айтады. Бұл жаз бойы сол жерде нәпақасын табатын жергілікті бизнеске қиындық әкелді.

Жергілікті тұрғындардың тұспалдауынша, жергілікті ГЭС-тер көбірек энергия өндіру, соның ішінде майнинг фирмаларды қуатпен қамту үшін суды әдейі көбірек ағызып жіберіп жатыр. Гидролог Константин Карташов 20 жылдан бері Бұқтырма денгейін өлшеп, зерделеп келеді. Ол журналистерге судың қоймаға бұрынғыдан аз қарқынмен келіп жатқанын жеткізді. Жалпы, жылда Бұқтырма су қоймасындағы су денгейі мамыр айының бас кезінде көтеріліп, тамызда ең жоғарғы биіктігіне жететін еді. Биыл мамыр өтіп, маусым тусы да, су денгейі шамалы ғана, небары 2 сантиметрге көтерілген.

Бұқтырма су қоймасы — ауданы жөнінен бүкіл әлемдегі қолдан жасалған алып су қоймаларының ондығына кіреді. Оның ауданы Зайсан көлін қоса алғанда, 5 490 шаршы шақырымды алып жатыр. Енді Қазақстан одан айырылып қалмай ма? Ғалымдар алдын ала дүрлікпеуге шақырады: ұқсас оқиға 1992 және 2009 жылдары қайталаныпты. Сонда таязданған Бұқтырма кейінгі 5 жылда біртіндеп толған екен. Дегенмен өзге мамандар шын қауіп қылып отыр.

«Нақты себептері белгісіз. Мұның бәрі табиғи құбылыстар деп айтылады. Бірақ су қоймасы 20 жылдан бері құрғауда. 2020 жылда да су жеткіліксіз болды. Салдарынан, Көкпелті және Жарма аудандарында шағын өзендер арнасы кеуіп қалды. Бұқтырма су қоры толығын белгіленген мөжесіне жете алатын емес», — делі «Ертіс» бассейндік су инспекциясы бастығының міндетін атқарушы Ернар Мәдиев.

Әзірге амалдауын Бұқтырмадағы қос гидроэлектр стансасының су төгуін бақылауда ұстауға шешім қабылданды. Таудағы қар жана ғана ери бастады деген болжам бар. Сондықтан Бұқтырма суға әлі шүпірлеп талады деген үміт жоқ емес.

Айтқандай, эколог Мәлеу Елеусізовтің айтуынша, жер сілкіне қалса, онда Алматы маңындағы ағынды су тасталатын Сорбұлак көліндегі бөген жарылуы мүмкін. Ондағы жиналатын су денгейі кейде рұқсат етілген шекті денгейге таяп барып жүр.

Қалай болғанда, Қазақстанда су қоймалары мен олардағы бөгендерге қатысты сан-салалық проблема қордаланауда. Оларды шешуге Үкіметтің қашан мойны жар беретіні белгісіз.

ҚАҢДАСТАРДЫҢ ЖАЙЫ СӨЗ БОЛДЫ

«Отандастар қоры» ұйымының жанындағы Қоғамдық кеңестің отырысы өтті. Басқосуды кеңестің төрағасы Мұрат Бақтиярұлы жүргізді. Жыйынға кеңес мүшелері, Парламент депутаты, көрнекті қоғам белсенділері, тиісті мемлекеттік органдардың өкілдері мен бұқаралық ақпарат құралдары қатысты.

Отырыста «Отандастар қорының» президенті Абзал Сапарбекұлы қордың былтыр атқарған жұмысы туралы есеп беріп, биылға арналған жоспарын таныстырды.

«2018 жылдың аяғында толық құрылу үрдісін аяқтаған «Отандастар қоры» қоғамы осы уақыт аралығында шетелдегі қазақтардың ұлттық мәдени-гуманитарлық, рухани, тілдік қажеттіліктері үшін түрлі жобаларды жүзеге асырып келеді. Әрине, пандемияға байланысты бірқатар жоба онлайн режимде жалғасты. Қордың тағы бір маңызды міндеті — елге көшіп келетін қандастарға ақпараттық-консультация қызметін жүзеге асыру.

Көші-қонды ұйымдастыру мәселесінде қордың қызметі қандастардың Қазақстан азаматтығын алғанға дейін оларға ақпараттық-консультациялық қолдау көрсету жұмыстары ретінде белгіленген. Біз бұл міндетімізді елшіліктер және консулдықтарымызбен «бір терезе» қағидатымен және елімізде мүдделі органдар және жергілікті атқарушы органдармен бірге жүзеге асырып келеміз», — деп атап өтті Абзал Сапарбекұлы.

Қор президентінің айтуынша, 2022 жылы қоғамдық ұйымның ұйытқы болуымен әлемнің 40-қа жуық елінде қызмет

етіп жүрген 100-ге жуық қазақ ұйымының басшыларымен және белсенділерімен 9 онлайн және 16 офлайн кездесу өткізіліпті. Сондай-ақ Еуропадағы қазақ құрылтайы, Өзбекстан мен Қырғызстандағы қазақтардың 30 жылдық мерейтойлық іс-шараларының басы-қасынан табылды. Сонымен қатар Алтай қазақтарының Түркияға көшінін 70 жылдығына орай «Қазақ-түрік бауырластығы» ескерткіші бой көтерді. Түркияның Алания қаласында Абай Үйі мәдени-іскерлік үйінің өкілдігі ашылды.

«Қоғамның қазақ тілін үйрету бағытындағы ағартушылық жобалары жалғасын тапты. 4 тілде жүргізілген «Онлайн қазақ тілі курсы» және әлемнің 8 еліндегі «Офлайн қазақ тілі курсы» 1000-нан астам қандас қазақ тілін тегін үйренді. Әлемнің 7 елінде қазақ тілінен дәріс оқытын 80-ге жуық оқытушы біліктілікті арттыру курсынан өтті. Қазақ тілінде сөйлеуді жетілдіруге бағытталған «Достар алаңы», QAZAQSHA SPEAKING CLUB жобалары бастау алды», — делі Абзал Сапарбекұлы.

Мұнан бөлек, қандастарды ақпараттық қолдау орталығына және 14 өңірдегі фронт-кеңсеге қандастар мен шетелдегі этникалық қазақтардан барлығы 6318 өтініш түскен. Өтініштер бойынша ақпараттық-консультациялық қызмет көрсетілген.

Қазақстан азаматтығын алудың жай-жапсарын түсіндіретін 11 бейнеролик түсірілген.

Қоныс аударуға басымдыққа ие 5 өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы және қолайлы елді мекендерді таңдауға мүмкіндік беретін еgulik.kz веб-платформасы одан ары жетілдірілген.

Былыр веб-платформаның қызметін 4 200-ден астам адам пайдаланған.

Қор жетекшісі одан ары бұйығы жоспарына тоқталып өтті. Сонымен бірге шетелдегі және елге оралған қандастарға қатысты түйткілді мәселелерді де ортаға салды. Олардың қатарында шетелдегі қазақ жастарын Қазақстанда білім алуға тарту, Түркия, Ауғанстан, Пәкістан, Сауд Арабиясы және Иран қазақтары үшін этникалық қазақ екенін дәлелдеу, шетелдегі қазақ мектептерінің жабықталуы, шетелдердегі қазақ мәдениеті мен тарихына қатысты тарихи және қасиетті орындарды анықтау, мемлекеттік қорғауға алу мәселелері бар.

Қор президентінің айтуынша, мемлекеттік квота негізінде қандастарға бөлінетін гранттар тиімді игерілмейді. Мысалы, былтыр 4 пайыздық мемлекеттік квота негізінде бөлінген гранттар саны 2 920 болғанымен, оның игерілу көрсеткіші 25 пайызға да жетпеген. Себебі қандастарға Ұлттық бірыңғай тест тапсыруда киналады.

Күн тәртібіндегі тағы бір мәселе бойынша, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитеті төрағасының міндетін атқарушы И.Испанов баяндама жасады. Ол баяндамасында елімізге оралған қандастарды қоныстандыру жайына тоқталып, жиналғандарға жан-жақты мәлімет берді.

«2000 жылдан бастап 642,4 мың этникалық қазақ тарихи отанына оралды, оның ішінде Маңғыстау облысына келіп, қандаз мөртебесін 95,3 мың этникалық қазақ алды, ал СҚО-ға небәрі 5,7 мың этникалық қазақ немесе елдің оңтүстік-батыс өңірінен 17 есе аз келді.



Негізінен, оңтүстік өңірлерде тұруды таңдау, анклавтардың пайда болуы және тұрудың оқшаулануы, әсіресе солтүстік өңірлерде әлеуметтік-мәдени айырмашылықтар, тілдік кедергілер себебінен қазақстандық қоғамға интеграцияның төмендігі сияқты этникалық қазақтарды жайластыру жөніндегі проблемалардың өсуі мен тереңдеуін ескере отырып, Мемлекет басшысы этникалық қазақтарды қабылдау тетігін қайта қарауды тапсырды», — делі И.Испанов.

Көші-қон комитеті төрағасының міндетін атқарушының айтуынша, енді

келетін қандастарымызды төрт санатқа бөлу көзделген.

Бұдан кейін кеңес отырысы пікір алмасуға ұласты. Отырысқа қатысушылар өз ойлары мен ұсыныс пікірлерін ортаға салды. Белгілі қоғам белсенділері Ауыт Мүкібек, Рақым Айыпұлы, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары Зауытбек Турысбеков сөзаялы, виза, азаматтық алу, қандастарды қоныстандыру жобалары туралы мәселелерді тілге тиек етті.

ЖЕРҮЙІК ӨЛКЕНІҢ ӨРКЕНДЕУГЕ МҮМКІНДІГІ МОЛ



Жетісу облысының құрылғанына жыл толды. Былтыр маусымда Алматы облысы екіге бөлініп, Талдықорған аймағында жаңа облыс өз алдына бөлек отау тіккенде, сәуегейлер бұрынғы ірі облыстың өнеркәсібі өркендеген, ауыл шаруашылығы алға басқан, табысы тасқындаған аудандарының барлығы дерлік Алматы облысының еншісінде қалғанын жабыла айтып, Жетісу облысының болашағына қатты күмәнданған еді. Бірақ былтырдың негізгі көрсеткіштері бойынша жаңа облыс жылды алғашқы бестік қатарында қорытындылаған. Бұл жайында Текелі тауының қойнауындағы демалыс орнында өткен брифинг барысында облыс әкімі Бейбіт Исабаев мәлімдеді.

«Соңғы кезде әлеуметтік желіде сізді ұйқыдағы әкім деп қатты сынауда. Соған не айтар едіңіз?» деген сауалға жауап ретінде дәл осы уәжді көлденен тартты. Өзінің күніне 4-5 сағат қана ұйықтайтынын, қалған уақытта өңірді өркендетуге күш салатынын, алғашқы құрылған кезде негізгі көрсеткіштер бойынша 19-орында тұрған облыстың жылды төртінші болып қорытындылауы соның нәтижесі екенін батыл түрде мәлімдеді.

Әкімнің айтуынша, қазіргі кезде халқының саны 700 мың адамға жеткен, жер көлемі — 118 мың шаршы шақырым болатын облыстың дамуы ойдағыдай және алдағы кезде де солай жалғаса береді. Өйткені жеруік мекеннің барлық бағыт бойынша өркендеуіне мүмкіндік бар. Тек тізгінді берік ұстап, ел үшін еңбек етуден ерінбейтін, мемлекет мүддесін, қоғам жағдайын бәрінен биік қоятын жандарды ортақ мақсат төңірегіне топтастыра білу керек.

Облыста биылғы 5 айда даму қарқыны сақталып қалыпты. Сауда-саттық 1,8 есеге, республикалық бюджеттің түсімі 2,8 есеге, құрылыс 31,3 пайызға, өндіріс көлемі 14,1 пайызға өсіп, жалпы өндіріс өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесі 39,3 пайызға жеткен екен.

Мемлекет басшысының облысқа келген сапарында берген тапсырмасына сәйкес жүргізілген агрофармашылық түгендеу жұмыстары ауыл шаруашылығы мақсатындағы 1 млн 77 мың гектар жердің пайдаланылмай жатқанын анықтады. Оның 857,2 мың гектары жайылым жерлер болып шыққан. Тиісті шаралардың нәтижесінде сол жайылым жерлердің 327 мың гектары айналымға енгізіліпті. Тағы 401,7 мың гектар жердің иелеріне заң бұзушылықтарды жоюға бір жыл мерзім берілсе, 128,5 мың гектар жер мемлекет меншігіне алынған. Жыл соңына дейін 220 мың гектар қайтарылмақ. Қантар айынан бері 101,4 мың гектары кері алыныпты.

Өңірде стратегиялық дақыл саналатын қант қызылшасының алқабын ұлғайтуға да баса назар аударылады. Облыс әкімі биыл қант өндірісін дамыту үшін қызылша алқабының 2 есеге ұлғайғанын мәлімдеді. Жетісулық шаруалар 8 515 гектарға тәтті түбірді еккен екен. Күзде 47 мың тонна қант өндіру жоспарланыпты. Бұл өңірдің қантқа деген сұранысын толық жауып, өнімді еліміздің өзге өңірлеріне шығаруға мүмкіндік беретін көрінеді. Дегенмен бұған тоқмейілсе болмайды.

Жетісу облысында биыл төрт түліктің саны 3 миллионға жетті, соның ішінде ірі қара — 613,3 мың, қой-ешкі — 2 миллион 183 мың, жылқы — 201,4 мың, түйе — 2,1 мың. Осының арқасында ет өндірісі 28,6 мың тонна, сүт өндірісі 87,3 мың тоннаға жетіп, өткен жылмен салыстырғанда біршама артқан. Әкімнің сөзіне сүйенсек, жалпы жыл соңына дейін ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 2,8 пайызға өсіп, 544 млрд теңгеге жетпек. 2027 жылға дейін құны 57,9 млрд теңге болатын 53 инвестициялық жоба іске асырылып, 1,2 мың жаңа жұмыс орны ашылады. Оның ішінде «Ірі жобалар» пилоттық жобасы аясында 44,8 млрд теңгеге 18 жобаны жүзеге асыру көзделсе, биыл 400 басқа арналған тауарлы сүт фермасы салына бастайды. Бұл нысан 2024 жылы іске қосылады. «Ауыл халқының табысын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру шеңберінде

3,2 млрд теңге бөлініп, 562 үміткерден құралатын пул қалыптастырылыпты.

Биылдан бастап облысқа тікелей бағынатын «Қорғас — Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы өңір экономикасының дамуына тым серпін берері сөзсіз. Арнайы экономикалық аймақ аумағында 2030 жылдың соңына дейін жалпы құны 570 млрд теңгелік 30 жобаны іске асыру межеленген. ҚХР-мен бірлесіп, «Қазақстан-Қытай халықаралық өнеркәсіп қаласы» индустриалды технопарк құрылысының жобасы қолға алынып жатыр. Аумағы 1000 гектар болатын жобаға 330 млрд теңге инвестиция тартылып, 2 мыңнан астам жұмыс орны ашылады. Облыстың шығысындағы мемлекеттік шекарадағы «Достық» теміржол стансасының мүмкіндігін толық пайдалану, дамытуға қатысты да жобалар жетерлік.

Жалпы, облыста 2026 жылға дейінгі инвестициялық портфельге 146 жоба енгізілген. Бұл жобалардың құны 1,6 трлн теңгені құрайды. Оларды іске асыру нәтижесінде 7,1 мың жаңа жұмыс орны құрылмақ. Бір жыл ішінде 47 жоба іске асырылып, 1000 астам жұмыс орны құрылды. Қантар айынан бері 8 жоба іске қосылған екен.

Он жылдан астам уақыттан бері тоқтап тұрған жоғары маркалы кремний өндіретін, қуаты 6 мың тонналық Kazsilicon зауыты қайта жаңғыртылып, іске қосылды. Текелі қаласында темірді тікелей қалпына келтіретін, қуаты 20 мың тонналық «Электромарганец» зауыты жұмыс істей бастады. Жаңғыртудан өткізілген Аксу қант зауыты осы жылдың тамыз айында жұмысқа кірседі. Көксай кен орны мен тау кен байыту комбинаты құрылысының жобасын іске асыру қолға алынды. Комбинат 50 млн тонна кен өңдеуге қауқарлы. Оған 976 млрд теңге инвестиция тартылып, 2300 жұмыс орны құрылды. Нысан 2026 жылы іске қосылады.

Жетісу облысының әкімі журналистер алдында бұдан басқа да жетістіктерді жіпке тізіп, өңірдің өркендеу мүмкіндігінің мол екендігіне тоқталды.

Журналистер тарапынан қойылған сұрақтарға да тыңғылықты жауаптар қайтарылды. Облыстағы білім саласындағы былықтың егжей-тегжейлі тергеліп, тексеріліп жатқанын айта келе, кінәлілердің барлығы жазалануын бақылауда ұстайтынын білдірді. Жыл сайын жырға айналатын жолдарға қатысты да айтылды. «Талдықорған — Үшарал», «Үшарал — Достық» автотрассасының құрылысы биыл толық аяқталса, жөндеуі жеті жылға созылған Балқаш көліне апаратын жол келер жылы бітеді. Жұртшылықты сансыратқан «Сарыөзек — Көктал» жолы да келесі жылы толық реттеледі. Облыста туристік мүмкіндікті барынша пайдалануға баса назар аударылады. Елді мекендерді газдандыру, таза ауызсумен қамтуға қатысты мәселелер де кезегімен шешілуде. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау саласындағы сұрақтар да жауапсыз қалмады. Инклюзивті қоғам құрудағы қадамдар да сараланды. Мәдениет саласының маңызды тұстары түгенделді. Қалай болғанда да, былтыр алғаш құрылғанда, болашағы бұлыңғыр деп аталған Жетісу облысының бүгінгі жетістіктері көңіл тоғайтарлықтай. Ал болашақ дамуына мүмкіндігі мол. Тек сөз бен істің арасында алшақтық болмасын деп тілейік.

Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы

Объявление о проведении закупки услуг «Медицинское обслуживание и авиаэвакуация» способом повторного открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» (www.agr.com.kz) объявляет о проведении повторного открытого тендера по закупке услуг «Медицинское обслуживание и авиаэвакуация». (Количество лотов — 12, на общую сумму 293 361 936,94 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копии тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности и копии документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 22 июня 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11:30 часов 22 июня 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-01-50.

Қайта ашық тендер амалымен «Медициналық қызмет көрсету және авиаэвакуация» қызметтерін сатып алуы өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС (www.agr.com.kz) «Медициналық қызмет көрсету және авиаэвакуациялау» қызметтерін сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны — 12, жалпы сомасы 293 361 936,94 тенге, КҚС-сыз).

Сатып алынатын қызметтерінің тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынуың соңғы мерзімі: 2023 жылғы 22 маусымда, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 22 маусымда, сағ. 11:30-да мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-01-50.

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ЖАЙҚАЛЫП ӨССЕ...

Жаз мезгілінде қала мен дала ерекше құлпыра түседі. Бұл жерде еңбек адамдарының елеулі үлесі бар. Қала көшелеріне көктемде егілген тал мен гүл осы уақытта сән береді. Дегенмен осы әдемілікті бұзушылар да жоқ емес. Еңбекті елемейтін кімдер?

ҰРЛЫҚ ТА АЗАЯР ЕМЕС

Мамыр айының ортасынан бастап Қарағандыда гүл егу жұмыстары жүріп жатыр. Барлығы 800 мыңға жуық гүл отырғызу жоспарланған. Қаланың орталық көшелеріндегі гүлзарлар өсімдіктерге толып, айналма жолдар да көгалдандырыла бастады. Дегенмен күнделікті егілген гүлді тұрғындар тарапынан ұрлау, таптау және иттерін қыдырту деректері тіркелген.

Сонын бірі — қаладағы гүлзарлар мен гүл құмыраларынан 300-ге жуық гүлді жұлып алған жосықсыз азаматтардың үстінен Қарағанды қаласы әкімдігінің шағымы. «Сөз жоқ! Гүл отырғызу басталғаннан бері гүлзарлар мен құмыралардан 300-ге жуық гүл жұлынды! Мұнымен айналысатындарға бір сұрақ — неге?!» деген үндеу қала әкімдігінің арнайы паракшасында пайда болды.

Осыған ұқсас жағдайлар жыл сайын болып тұратыны қынжылтады.

Ал ұрланған гүл орнына саябақтар бөлімінің мамандары жана гүлдер отырғызуға ғана үлгереді.



Бұған дейін қарағандылықтар Н.Назарбаев даңғылында жақында егілген гүлдердің солып қалғанын айтып шағымданған болатын. Сондай-ақ гүлзарлардағы гүлдер тым сирек отырғызылады. Қалалық мәдениет және демалыс саябақтары басқармасы көгалдандыру жұмыстары жақсы бола бермейтінін, бірақ жұмысшылар талпыныс жасап жатқанын айтады. Суару күн сайын түнде жүргізіледі, кейбір жерлерде автоматты суарылады. Қандай да бір себептермен

гүлдер тамыр алмайтын жерлер трансплантацияланады. Өсімдіктер тек сумен ғана емес, сонымен қатар тынайтықштармен де суарылады.

«Азаматтардан сәл шыдамдылық пен сенім сұраймыз», — деп түйіндеді ведомство.

КӨГАЛДАНДЫРУ ЖАЛҒАСУДА

Көгалдандыру жұмыстары жалғасын тауып жатыр. Дегенмен қала тұрғындарынан да шағымдар жиі айтылуда.

Қарағанды әкімі Мейрам Қожухов «сын — шын» дейді.

— Қаланы көріктендіру үшін қаланың айналма жолдарына тал мен гүл отырғызылғалы жатыр, — дейді Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Қожухов.

Сонымен қатар Терешкова көшесі «Орбита» шағын ауданы 7-ші трасса — Волгодонская және Назарбаев даңғылы бойындағы Қазыбек би ескерткіші бойындағы айналма жолдарда аласа ағаштар мен бұталар пайда болады. Өсімдіктердің көлемі аз болады, — деп нақтылады әкім.

Аласа болуы өсімдіктер жүргізушілерге кедергі жасамауы үшін екендігі айтылды.

ТЕМІРТАУДА ЖАЙ ҚАЛАЙ?

Теміртау қаласына жасыл белдеу құрамыз деген «АрселорМиттал Теміртау» компаниясы жұмыстарын жалғастыруда. Бұл мақсатқа 700 миллион теңге қаржы бөленген. Қазір мамандар былтыр отырғызған ағаштарды жаппай тексеріп, мониторинг жүргізуде.

Биыл да қала сыртына біраз көшет егілуде. Теміртаудың экологиялық ахуалын жақсарту үшін былтыр қала маңына 100 мың түп ағаш егілген болатын. Топырақтың құрамын, жергілікті климатты мұқият зерттеген ғалымдардың кеңесі бойынша шетен, терек, шаған және алма ағаштары таңдалып алынған.

Бұлар арқаның аязына шыдамды келеді, әрі қара күздің соңына дейін жасыл күйін ұстап тұрады екен. Қазір

мамандар қыстан шыққан көшеттерді жаппай тексеріп жатыр.

— Өте биік болып өскендері бар. Жас талдарды жел сындырып кетпес үшін шамалы кестік. Енді былтыр еккен ағаштардың қаншалықты жерсінгенін тексеріп шығамыз. Қажет болған жағдайда айыр-бастаймыз, — дейді «АрселорМиттал Теміртау» АҚ корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі директоры Гүлнар Стамқұлова.

Орман шаруашылығы институтының мамандары жүргізген мониторинг барысында былтырғы көктемде егілген көшеттердің шамамен 25 проценті қурап қалғаны анықталған. Енді мердігерлер қысқа мерзімде бұл ағаштарды айырбастап, басқасын екпек. Сондай-ақ жерсінген талдарға да күтім жасалады. «Барлық учаскеде бірдей жұмыстар атқарылады. Көшеттердің түбіне қосымша қара топырақ саламыз, тамырына су жақсы бару үшін қосытамыз. Компания биыл қала сыртына да 500 мың көшет отырғызуды жоспарлап отыр. Ол үшін 700 миллион теңге қаржы бөленген», — дейді Гүлнар Стамқұлова. Компания жасыл желек жайқалып өсу үшін тамшылатып суару технологиясын қолданбақшы.

Қала көшелеріндегі көшеттерге көңіл толады. Дегенмен сол әдемілікті сақтау қолымызда екендігін ұмытпасақ екен...

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Онкологиялық дертке шалдыққан ақмолалықтардың жағдайы мүшкіл. Химиялық терапияға арналған дәрі-дәрмек үнемі жетіспейді. Қажетті препараттар айлап келмей қалып, науқастардың ауруы асқынып жатады. Бір қызығы, қасқалдақтың қанынан қат болып қалған дәрі-дәрмек дәріханаларда толып тұр. Бірақ оны сатып алу халықтың қалтасына салмақ. Себебі бір ғана курсының бағасы 700 мың теңгеден асып жығылады.

ДЕРТКЕ ШИПА ДӘРІ ТАПШЫ



Ермежан ДҮЙСЕБОЛАТ (сәулелер)

Қауіпті жағдайды бастан кешіп, онкологиялық дертке дауа іздеп шарқ ұрған науқастар мен олардың жақын-жуық туыстары дабыл қакты. Олардың айтуынша, химиялық терапияға арналған дәрі-дәрмектердің тапшылығы бірнеше айға созылады. Ауруы жанына батқандардың кейбірі құны қымбат дәріні дәріханалардан сатып алуға мәжбүр болған.

Көкшетау қаласының тұрғыны Наталья Анфимованың әкесінің онкологиялық науқасқа шалдыққаны өткен жылдың қазанында анықталыпты. Бірақ әкесінің денсаулығы үшін қымбат бағадағы дәріні сатып алған.

Сүйекте метастазы бар бүйрек рагын анықтады. Біз мамыр айына дейін тегін дәрі-дәрмектерді уақытылы алып тұрдық. Бірақ өткен айда химиялық терапияға арналған препараттар болмай қалды. Бір курсқа арналған дәрілерді өзіміз сатып алдық. Бағасы 712 мың теңгеге шықты. Дәрілер таусылып бара жатқан соң онкологиялық диспансерге барып сұрасақ алдағы екі айда дәрілердің болмайтынын айтты. Айтуарынша, дәрі сатып алуға өтім тек мамыр айында ғана жолданған. Ал өтім жылдың басында жіберілуі керек болған, — дейді ол.

Әкесінің денсаулығы үшін шыр-пыр болған Наталья онкологиялық диспансер басшылығынан бастап облыс әкімінің Денсаулық сақтау басқармасына дейінгі мекемелердің табалдырығын тосдырған. Бірақ еш нәтиже болмапты. Бірақ әлеуметтік желілер мен БАҚ-та мәселе көтерілгеннен кейін қажетті дәрі-дәрмектің табылғанын айтып өздері хабарласқан екен.

Облыстық онкологиялық диспансердің бас дәрігеріне кірдім. Медициналық және фармацевтикалық бақылау департаментіне де жаздым. Олар тексеріс жүргізетінін айтқан. Бірақ нәтиже болмады. Облыстық Денсаулық сақтау басқармасы дәрі-дәрмектің жетіспеушілігін науқастардың көбеюімен байланыстырды. Соуірде дәрі таусылып қалатындай аурулардың осыншалықты көбейіп кеткеніне сенбеймін. Біреулердің салғырттығынан әкемінің зардап шеккенін қаламын. Ол кісі

былтыр ғана зейнетке шыққан. Әкем дәрісін іштеген кезде ісігі ұлғайып, жағдайы қиындап кетті. Мәселе әлеуметтік желілер мен БАҚ-та шу болғаннан кейін шешіліп, ертесі күні-ақ дәрігерлер дәрі-дәрмек келгенін хабарлады. Дәрі-дәрмек келгенімен, бұл дәрілердің жанама әсері болып, қайта дәрігерге қаралуымызға тура келіп тұр, — дейді Наталья Анфимова.

Узақ уақыт бойы жақындары онкологиялық дертке душар болғандар да дәрі-дәрмектің үнемі таусылып, тіпті мүлде болмай қалуынан зардап шегетінін айтады. Ақмолалық Ольга Салова жұбайының бес жылдан бері дәрі-дәрмектің жетіспеушілігінен көптеген қиындықты бастан кешіргенін жеткізді. 2018 жылы жұбайының бір бүйрегін алып тастапты. Дәл сол кезде дәрігерлер өкпедегі метастазды анықтаған. Бірнеше жыл бойы дәрі қабылдаған Александрға дәрілер кері әсерін тигізіп, дәрінің тиімділігі төмендегендіктен дәрігерлер басқа дәріні тағайындаған. Алайда дәрі-дәрмектің қат болуынан бірнеше мәрте жұбайы қатты науқастанып, төсек тартып қалған.

Қаланың көп тұрғыны сияқты химиялық препараттарды біз де ала алмай жүрміз. Күшті химиялық препараттар үнемі болмай қалады. Менің жұбайыма химиялық препараттар тағайындалған. Өмірінің соңына дейін дәрі-дәрмекті үздіксіз ішіп тұруы керек. Сәуір айында препараттары таусылып қалды. Дәрі бітуге бір апта қалғанда жұбайым емханаға барған. Бірақ алдағы үш ай дәрі-дәрмек болмайтынын айтыпты. Арада үш күннен кейін күйеуім төсектен тұрмай, жатып қалды. Ақмола облыстық Денсаулық сақтау басқармасына жаздым. Олар шағымның қарастырылып жатқанын хабарлады. Осыдан кейін дәріханалардан хабарласып, дәрі-дәрмекті алып кетуімді сұрады. Дәріханаға барса, басқа біреуге беріп қойғанын айтып, құр қол тағы қайтарып жіберіпті. Одан кейін тағы шағымданып, арада бес күннен соң дәріханадан дәріні алдық. Таусылуға таяу қалғанда тағы барса, дәрі әлі түспегенін, осыған дейін бергені бұрын қалып қойған қорап екенін айтыпты. Содан тағы екі апта бойы дәрісіз төсек тартып кеше ғана дәрі

алдық. Енді тағы дәрі болар-болмасын білмейтінін айтыпты. Міне, осындай жағдай, — дейді Ольга Салова есімді қала тұрғыны.

Құрамына онкологиялық диспансер де кіретін Ақмола облыстық көпбейінді аурухана басшылығы химиялық терапияға арналған дәрі-дәрмектің жетіспеушілігін онкологиялық дертке шалдыққандар санының ұлғаюымен байланыстырды. Аурухана медициналық сақтандыру қорына қосымша дәрі-дәрмек жеткізуге өтім берген.

— Медициналық ұйымдар «СК-Фармацияға» белгілі бір мөлшерде өтім береді. Бұл тұтас республика аумағындағы жалғыз дистрибьютер екенін білесіз. Наурыз айында дәрі-дәрмекпен қосымша қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін қосымша өтім берілген. Бірыңғай дистрибьютер дәрі-дәрмекті сатып алуы керек. Ал оған шамамен 2 ай уақыт кетеді. Яғни біз дәрілік препараттардың «СК Фармацияға», одан кейін емдеу орындарына түсуін күтеміз, — деді Ақмола облысы Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Нұрлан Ахылбеков.

Ал облыстық көпбейінді аурухана директорының орынбасары Болат Әбішевтің айтуынша, тегін химиялық препараттар тапшылығының зардабын тек бүйрек рагы дертіне шалдыққандар ғана тартып отыр.

— Бүгінде бүйрек рагы дертіне шалдыққан 20-ға жуық адам химиялық терапия препараттарын күтіп отыр. Басқа диагноздар бойынша дәрілердің кешігуі болған жоқ. Өткен жылдан қалған дәрі-дәрмектер болған. Бірақ биыл науқастар саны шынымен көбейді. Бұл диагноз бойынша шамамен 30 пайызға көбейген. Егер былтыр бұл көрсеткіш 100 мың адамға шаққанда 240 адам болса, биыл 265 адамға өсті. Өткен жылмен салыстырғанда тек соңғы бес ай ішінде ғана стационарда химиялық терапия қабылдаған науқастардың саны 200 адамға артық, — дейді облыстың бас онкологы Болат Әбішев.

Онкологиялық диспансердің бас дәрігері онкологиялық аурулардың қалай өршітінін болжау мүмкін еместігін жеткізді. Сондай-ақ қажетті дәрі-дәрмектің науқастарға нақты қашан келетіні де белгісіз болып шықты. Онкологиялық дәрілердің болмауы себепті ақмолалық онкологтар химиялық препараттарды басқа облыстардан қарызға алмақ болыпты.

— Дәрілердің қашан келетіні «СК Фармацияға» тәуелді болып тұр. Бірақ қазір біз басқа өңірлерден артылған препараттарды алдырту мәселесін қарастырып жатыр. Бірнеше күнде бізге нақты жауап келуі тиіс. Бұл жалпыға ортақ тәжірибе. Уақытша кепілдікпен алып, сосын кейін қайтарамыз. Препараттар бір айға бірден беріледі. Дәрілері таусылып бара жатқан науқастарға мүмкіндігінше жедел жіберуге тырысамыз. Жақын арада мәселе шешіледі деген үміттеміз, — деп толықтырды Болат Әбішев.

Дегенмен жақындары дертке шалдыққандар жыл өткен сайын химиялық препараттар тапшылығы мәселесінің күрделеніп келе жатқанына алданулы. Олар емдеу курсы үзіп немесе дәріні несиеге алуға мәжбүр болып жатады.

Жалпы онкологиялық диспансердің дерегі бойынша өткен жылдың он айының қорытындысы бойынша облыста 10 мыңға жуық адам онкологиялық дертке шалдыққан. Соңғы бес жылда науқастардың саны 5 мың адамға өскені анықталған. Негізінен сүт безі, өкпе, ішек, асқазан рагы сияқты қатерлі ісікке шалдығандар көбірек кездеседі. Дәрігерлер карантиннен кейін жоспарлы шаралар мен тексерістердің тоқтатылуынан жағдайдың ұшыға бастағанын айтады. Дегенмен дертке шалдыққандарға дәрі жеткізу мәселесінің қалай шешілетіні әзірге белгісіз.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

ҒЫЛЫМНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ АЙҚЫНДАЛДЫ

СЮЦАЙ ҒЫЛЫМЫН ДАМУҒА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «СЕРТИФИКАТ»
КҮӘЛІП БЕРІЛДІ.



Әлемде алғашқы болып, Сюцай ғылымының негізін қалаған академик
Жанат ҚОЖАМЖАРОВ

Соңғы он жылда сюцай сандық психологиялық ғылымна қызығушылық арта түсті. Сюцай XXI ғасырдағы психологияны зерттейтін сандық ілімге айналды. Әр санның артында адам тағдыры тұрады. Бұл ғылымда адам өмірінің философиясына басымдық беріледі. Адамның күнделікті тіршілігі, қарым-қатынасы, алға қойған мақсаты, дүниелер қозғалысы айналымындағы сандардың мәніне, энергиясына терең үнілу арқылы болжам жасайды. Сондықтан уақыт өткен сайын Сюцай халықаралық рухани даму академиясында дәріс алатындар қатары артып, қазіргі күнде түлектер саны 6 мыңнан асып отыр.

Германияның «ИНТЕРОКО» халықаралық онлайн копирайт кеңсесіндегі бүкіл-одақтық комиссия мүшелері Сюцай психологиясы туралы ғылым — Science Psychology Syuca WORK OF SCIENCE туралы келіп түскен өтінішті бір жыл көлемінде зерттеп, жан-жақты талқылады. Сөйтіп, 2023 жылдың 24 ақпанында Берн конвенциясының авторлық құқық жөніндегі депозитаринде тіркеуден өткізіп, осы ғылымның дүниежүзі бойынша негізін қалаушы профессор Жанат Қожамжаровқа сюцай ғылымын дамытуға халықаралық «Сертификат» куәлігі табыс етілді әрі оған авторлық құқық берілді.

Сөйтіп, Конвенция шешімі сюцай ғылымын көпшілікке оқытуға кең жол ашты. Жанат Қожамжаровтың еңбегіне күдікпен қарайтындар да болған еді. Енді, міне, халықаралық ұйымға тіркеліп, патенттелген сюцай ғылымы бойынша әлемнің 181 мемлекетінде дәріс сабағын жүргізе алады. Бұған дейін сюцай сандық дәрісі Біріккен Араб Әмірлігі, Түркия, Ресей, Англия, Германия, Қырғызстан, Әзербайжан мемлекеттерінде өткен болатын. Енді Берн конвенциясы берген халықаралық сертификат сюцай ілімін кенінен дамытуға мүмкіндік бермек.

Берн конвенциясы — 1886 жылы құрылған Швейцарияның Берн қаласындағы халықаралық авторлық құқықтық келісім орталығы. Қазіргі күнде осы



дүниежүзілік интеллектуалды зияткерлік меншік орталығы ғана авторлық құқық бері алады. «Қазақстан Республикасының әдеби және көркем шығармаларды қорғау бойынша Берн конвенциясына қосылуы туралы» 1998 жылғы 10 қарашада Қазақстан Республикасының № 297 заңы қабылданған болатын. Осы заңның күші әлі жойылған жоқ. Біздің елімізде ғылыми шығармашылық жұмыстармен айналысуға толықтай кепілдік берілген. Қазақстан Республикасы Конституциясының 20-бабында: «Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады» деп айқын тұжырымдалып, тайға таңба басқандай нақты көрініс тапқан. Демек, оқу бітіріп диплом алған сюцай ілімінің шеберлері елімізде кәсіпкерлік қауымдастықтың бір мүшесіне айнала алады. Яғни, жаңа жұмыс орындары ашылады.

2022 жылғы мәлімет бойынша қазіргі уақытта Берн конвенциясына әлемнің 181 елі мүше. Конвенция тәртібі бойынша авторлық қорғау мерзімі автордың өмірінің барлық уақытын және ол қайтыс болғаннан кейін елу жылды құрайды. Шындығында сюцай ілімі адамның ақыл парасатын, жан дүниесін, ойлауы мен эмоциясын қалыпта келтіретін психологиялық және педагогикалық ілім. Сондықтан әлемді сандар мен сөздер арқылы адамзат баласы билейді.

Олай болса, 181 мемлекет мойындаған сюцай ғылымы ұлы ойшылдарымыздың даналық, тәрбиелік, данышпандық қасиеттері негізінде цифрлық код арқылы иманын ырыс, ата жолын қазына санаған нағыз озық ойлы қазақ ұлтының тәрбиесіне үлес қосатынына сенім мол.

Мағжан САДЫХАНҰЛЫ

ҚАРБЫЗ ЕГІП, ҚАРЫЗ БОЛЫП ҚАЛМАЙ МА?

Жайылманың қарбызы деп Сауір өңірінің бренді саналады. Оны өзімізді қойып, көрші елдерде жеңсік асқа айналдырғанына көп болды. Өкініштісі, ала жаздай алқаптан табылатын ағайынның кейде еңбегі ақталмай қалып жатады. Діқандар мұны ауа райының қолайсыздығымен бірге, дайын өнімді өткерудегі қиындықпен байланыстырады.

Жаңақорған ауданына қарасты Жайылма деп аталатын алақандай ғана ауылдың тұрғындары қырдағы қардың көбесі сөгілгеннен қолына кетпенін алады. Бақша егуді атақәсіпке айналдырғандары да жетіп жатыр. Көктем-жаз айларында карт Қаратаудың етегін жайлаған елді мекенге жол түсе қалса, еңбектің қызған сәтінә күәсі боласыз. Ауылдағы еңбектеген бааладан, еңкейген көріге дейін ерте көктемнен бақша егудің қамына кіресіңіз.

Қайбір жылдары бақша өнімін өткізу қиындық туғызып, ақыр соңында қарбыздың күйі қашып, шаруаларды едеуір шығынға батырғаны есте. Алқапта алты ай бел жазбай еңбек ететіндердің басты қорқынышы да осы.

Оның үстіне, биылғы көктем Жайылма шаруаларына жайлы болды деуге келмейді. Көктемде күн күрт суытып кетіп, егінді түгел үсік шалды. Шаруалар қайтадан дән сеуіп әуреге түсті. Енді олар өнімді жылдағыдан кеш жинаудан қауіптенеді. Ал уақыт оздырып алса, қарбызға сұраныстың болуы екіталай.

«Ауа райының қолайсыздығына байланысты биыл қарбызды жылдағыдан кеш жинайтын



сияқтымыз. Көктемде жауған бұршақтан алғашқы егістікті үсік шалды. Екінші мәрте екен тұқымның шығымы баяу. Күн жылынғалы бақшамыз әжептәуір көктеп, қуанып қалдық. Менің шаруа қожалығыма ауылдағы 20 үй тіркелген, биыл 13 отбасы қарбыз егіп, мол өнім алуға ниет танытып отыр», — дейді «Өтеш» шаруа қожалығының төрағасы Асылжан Жапеков.

Шаруа қожалығы төрағасы көктемдегі ауа райының қолайсыздығынан биыл өнімнің жылдағыға қарағанда 15-20 күнге кеш жиналуы мүмкін екенін айтты. Негізінен Жайылманың қарбызы еліміздің әр аймағына және Ресейге де жөнелтіледі. Шаруалар қарбыз экспорты жыл сайын делдалдар арқылы жүргізілетінін айтады. Ал бұл жайт өнімді кедергісіз сатуға қол байлау болатыны анық.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы



КІШКЕНТАЙ

Оқырманның қалауы —

Бүгінгі жасөспірімдер арасында аниме секілді манганың да оқырмандары артып келеді. Соның көпшілігі — мектеп оқушылары. Манга суреттер арқылы әртүрлі оқиғаға құрылған комикс. Балаларға өзге елдің мәдениетін сіңіру қаншалықты әсер етеді? Психологиялық жағынан қауіп бар ма? Ата-аналар тарапы балаларының қандай манга оқып жүргенінен хабардар ма?

Жанел ҚҰТТЫБАЙ

Манганың шығу тегіне тоқталып өтсек, XII ғасырда монах Тоба Седзо төрт шиыршық қағазға адамдардың өмірін жануарлар бейнесінде сиямен салу арқылы алғашқы нұсқасын салған. «Манга» сөзін (сөзбе-сөз аударғанда — оғаш немесе күлкілі суреттер деген мағынаны береді) 1814 жылы әйгілі график-суретші Кацусика Хокусай ойлап тапқан. Салған суреті арқылы ол жануарлардың аяқ қимылын көрсетеді. Оған дейін мұндайды ешкім істеп көрмегендіктен, көпшіліктің таңданысын тудырады. Қазір оның суреттері Токио мен Киотодағы музейлерде Жапонияның мәдени мұрасы ретінде сақталған. Бұл — ең алғашқы манга.

Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін манга тек жастар арасында танымал болды. Сол себепті соғыс кезінде Жапония билігі оны үгіт-насихат ретінде қолдана алды. Осыдан кейін халықтың мангаға деген қызығушылығы артты. XX ғасырдың 50-жылдарына қарай манганың заманауи түрі пайда болды. Жапонияда экономиканың дамуы суретшілерге манганың түрлі нұсқасын ойлап табуға жол ашты. Сонымен бірге манга анименің пайда болуына ықпал етті.

Манганы жасаушы «мангака» деп аталады. Әдетте бір адам (көбіне шәкірттің көмекшісімен) комикстер де, мәтіндер де жазады, бірақ сонымен бірге топтық шығармашылық бар. Алайда әдетте бір мангада үш-төрт адамнан көп жұмыс істемейді.

Кәсіби мангадан басқа әуесқой манга — «дудзинши» да бар. Манга суретшілерінің көпшілігі доузинши («дожиншика») жасаушылары ретінде еңбек жолын бастады. Ірі қалаларда өзінің дужиншикі өнімдерін сататын және кейде өз жұмыстарына баспагерлер табатын арнайы базарлар бар.

Манга ерекшеліктеріне орай бірнеше түрге бөлінеді. Атап айтқанда, кодомо — 12 жасқа дейінгі балаларға арналған манга. Бұл манга түрінде ешқандай жауыздық сипаттағы бейнелер болмайды. Бұл қатардағы мангалар: «Майя арасы»,

МАНГА



«Грендайзер», «Спиди жүргізуші» және т.б. Келесі түрі — сёнэн, бұл — 12-18 жас аралығындағы ұл балаларға арналған манга. Біраз әзіл-қалжың, жігіттер арасындағы достық, соғысу өнері, спорт, бәсекелестікті суреттейтін манга түрі. Мысал ретінде оған «Арата: Аңыз» мангасын жатқыза аламыз. Ал сөзсіз — 12-18 жас аралығындағы қыздарға арналған. Онда романтикалық және шытырман оқиғалар бейнеленеді. Мысал ретінде «Сейлор Мун», «Оран лицейінің қонақтар клубы» секілді мангаларды айтамыз. Ересек әйелдер мен ерлерге арналған мангалар да бар.

Манганың бірінші ерекшелігі, суреттер ак-кара түсте беріледі. Ак-кара түсте басылуы келесі тараудың жылдам және арзан бағада шығуына ықпал етеді. Екіншіден, жапон жазуының ерекшелігіне байланысты манга мәтіні оң жақтан солға қарай оқылады. Кей авторлар аудиториясының сұранысына орай бұл қағидаға ұстана бермейді. Мангалардағы кейіпкерлерге қарап отырып көбіне көздеріне ерекше мән бергенін байқаймыз. Суретші олардың көзінің өлшемін барынша үлкен етіп салады. Бұл — манганың бір өзгешелігі. Мінезі тұйық кейіпкерді кішкентай көзбен, мінезі қиын немесе жауыз адамның көзін көзілдіріктен көрінбейтіндей бейнелейді.

Бүгінде манганың әлем бойынша оқырмандары артып келеді. Біздің елде де мангаға сұраныс көп. Әсіресе, мектеп оқушылары манганы сүйіп оқиды. Манганың әртүрлі кейіпкеріне еліктеп, өздерін «кахарманға» ұқсатады. Қылықтарын өмірде қайталап, тіпті сөздерін де күнделікті сөздік қолданыстарына енгізіп үлгерген. Мектеп оқушысы Инжу Құттыбай мангаға қызыққаны сонша, тіпті кейде шынайы өмірден алыстап кетеміз дейді.

«Манганы алғаш сыныптасымнан білдім. Неше түрлі бояумен әрленген суреттеріне қызықтым. Манганың қиялға жайыпқа толы шытырман оқиғалары

ұнайды. Бұның алдында анимелерді де жақсы көретінмін. Қазір манганы тұрақты түрде оқып келе жатқаным 1 жылдай болды. Әр ай сайын жанадан бөлімдері шығады. Мен көбіне детектив жанрындағы мангаларды оқимын. Қазір оқып жатқаным «Тыңшылар отбасы». Мангалардағы кейіпкерлерге еліктейтініміз рас. Тіпті, осы шынайы өмірімізді емес, сол мангадағы өмірді сүргіміз келеді. Қиялға беріліп, кейде осы өмірімізді ұмытып кететіндей жағдайға жетеміз. Үйде ата-анам мангаға қатты бақылау қоймайды. Қандай манга оқып жүргенімен қатты шаруалары жоқ», — дейді мектеп оқушысы Инжу Құттыбай.

Ата-аналар манганың балалар үшін пайдалы емес екенін айтады. Қарбалас жұмыспен кейде баланың не оқып жүргеніне көп мән бермейді. Мангадағы суреттерді де жай мультфильм секілді қарап, бақылауға алмауы мүмкін. Мангалар жас ерекшеліктеріне қарай бөлінетін болғанымен, бала ересектерге арналған түрлерін де оқи беруі ғажап емес.

«Манга жасөспірімдер арасында кеңінен танымал. Әсіресе, баланың бойына ашу-ыза тудыратын жерлері бар. Кейіпкерлерге еліктеймін деп психологиялық жағынан өзгерістерін байқамауы мүмкін. Қазір манга көп сатылыммен шығарылып жатыр, барлығы дерлік ашық сатылымда. Сондықтан манга сатып аларда әрдайым бірге барамыз. 8 жасар бала да, 12 жасар да

бала 18+ деген ескертпесі бар мангаларды оқи береді. Мангаға жай комикс қой деп жеңіл қарауға болмайды. Оның да балаға берер қауіпті жақтары жоқ емес, — дейді ата-ана Мөлдір Бекжанова.

Жасөспірімдердің мангаға деген сұранысының артуына орай манга сатуды кәсіп қылғандар көп. Еліміздің барлық өңірінде манга сататын дүкендер жетіп артылады. Соның бірі Астанадағы дүкендердің біріндегі манга сатушысымен де әңгімелестік.

«Негізгі сатып алушылар — 13-24 жас аралығындағылар. Әр тұтынушыға манганың жанры, том және бағасы жөнінде кеңес береміз. Қазір манганың фантастика және комедия жанрлары танымал. Бірақ манганың өтімділігі, сол манга бойынша түсірілген анименің танымалдылығына да байланысты», — дейді манга сатушысы.

Психолог мамандар балалардың мангаға қатты еліктеушілігіне алаңдайды.

«Манга — бұл көбіне агрессиялық бағыттағы комикстар. Ол балалардың бойында жылдам қозғалыс, агрессияның тез туындауы, өз-өзін ұстай алмаушылық әрекеттерге әкеп жатады. Өйткені манганы оқи келе олар бірте-бірте виртуалды әлемді шынайы әлемнен ажырата алмай қалады. Өздерінің психикасының қалыптасуы барысында көзге көрінбес бейсаналы бұзылыстарға әкеп соғады. Бұдан бала өскен сайын үлкендерге қарым-қатынаста қарсы шығу, ата-ананы тындамау, жолдастарының арасында шектен тыс агрессия көрсетуді жилетте беруі мүмкін. Себебі бойында ашу-ыза басым болады. Дүниетанымдарының тек бір бағытта дамып кетуіне апарарды», — дейді психолог Балабек Сақтағанов.

Жасөспірімдердің өсіп-жетілуіне үйдегі ата-ана ғана емес, жаппай қоғам да жауапты. Сондықтан, әсіресе осындай өзге елдің мәдениетін бойға сіңіретте сактық қажет.

«АСТАНА» ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛҒА ШЫҚТЫ



«Астана» баскетбол клубы клубтар арасындағы жаңа халықаралық жарыс — Батыс Азия суперлигасында (WASL) үшінші жеңісіне қол жеткізді.

Топтық кезеңдегі үшінші ойында қазақстандық клуб «СК Кувейт» командасын 85:72 есебімен жеңді. «Астана» бұған дейін «Шабаб Аль-

Ахли» (БАӘ, 80:73) және «Шахрари Горган» (Иран, 87:81) командасын есебімен жеңген. Осылайша, «Астана» бірінші орнымен плей-офф кезеңіне жоллама алды. Дубайдағы жартылай финал 16 маусымда, шешуші кездесу 17 маусымда өтеді. Айта кетейік, 8 команда әрқайсысы төрт командалан екі топқа бөлінген. Әр топтан үздік екі команда жартылай финалға шығады.

ПАРИЖГЕ АЛҒАШҚЫ ЖОЛДАМА

Шосседегі велоспорттан Таиландтың Райгон қаласында өткен Азия чемпионатында Қазақстанның ерлер құрамасы Париж Олимпиадасының лицензиясын жеңіп алды.

Қазақстан құрамасы 1 аптаға созылған Азия біріншілігінде 15 жұлдеге (8 алтын, 4 күміс, 3 қола) ие болды. Әзірге ең көп лицензияны алған ТОП-5 мемлекет: Франция — 366, АҚШ — 131, Ұлыбритания — 64, Аустралия — 45, Жапония — 45.



МБАППЕ «РЕАЛҒА» ӨТЕ МЕ?



«Пари Сен-Жермен» форварды Килиан Мбаппе карьерасын жалғастыратын клубты таңдады.

Le Parisien мәліметінше, французиялық шабуылшы осы жазда «Реал» сапына өтпек. Мадридтіктердің форварды Карим Бенземамен

саудиялық «Әл-Иттихад» командасына ауысуы Мбаппеге қатысты жағдайға әсер етіп отыр. Мұның алдында Мбаппенің ПСЖ-мен келісімшартты 2024/25 маусымына дейін ұзартқысы келмейтіні белгілі болды. Бұл оған 2024 жылы маусымда еркін агент атануға мүмкіндік береді.

Дайындаған Ж.ҚҰТТЫБАЙ



Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Шынболат КҮЗЕКБАЙ —
Шығарушы редактор

Асқар БЕК —
Сайттың бас редакторы

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛАҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Роза ШӨКЕН —
Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ —
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемедер үшін — 35102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 45102
Жеке жазылушылар үшін — 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4314
Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114